Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№7 (1010)

19.02.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген тәмсілді әкімдер қалай түсініп жүр? Қазір ел-жұрттың арасында билік өкілдері туралы оң пікірден гөрі теріс пікір молынан қалыптасқан. Оған басты себеп, министрі бар, соты, прокуроры мен әкімдері, қыл аяғы денсаулық, білім ордасы өкілдеріне дейін жемқорлықпен шатылған шекпенділер туралы ақпараттың тарауы. Билік өкілдерінің халықтан гөрі қарақан бастарын көбірек ойлайтыны, әрі мемлекет қаржысын талан-таражға салып, парақорлық жасағандар таразы басын басып тұр. Осыдан кейін қарапайым халықтың билік өкілдеріне деген сенімі азайған.

ОБЛЫС ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

«Бір қарын майды бір құмалақ шірітіпті» демекші, «Бес саусақ бірдей емес». Ары таза, мемлекет мүддесі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп жүрген шенділер де құдайға шүкір, баршылық. Бұл бөлек әңгіме. Қаңтар айынан бастап жергілікті әкімқаралардан бастау алған, жылдық есеп беру қорытындысы облыс әкімдігіне де келіп жетті. Сәрсенбінің сәтінде Алматы облысының әкімі Амандық Ғаббасұлы Баталов есеп беріп, өткен жылды қорытындылап, қол жеткізген жетістіктер сараланды.

Мәселен, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 2020 жылы 105,6 млрд. теңгеге 900-ге жуық жоба іске асып, Алматы облысының барлық аудан мен қалаларында сәтті жүзеге асырылғанын айтқан өңір басшысы, өрттей қаулаған пандемия кезеңіне қарамастан бағдарлама аймақтарда қарқынды жүргізілгенін тілге тиек етті.

«900-ге жуық жоба іске асырылды, бұл 19,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Мемлекеттік бюджетке түсімдер 562 млрд. теңге мөлшерінде қамтамасыз етілді, оның ішінде меншікті кірістер 25% - ға өсті және 284 млрд. теңгеге жетті», – деген Амандық Ғаббасұлы «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыруға Алматы облысында 105,6 млрд. теңге қаржы бөлінгенін айтты.

«Әлемді жаулаған індетке қатысты өңірде карантин кезеңінде 15 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілері қызметін тоқтатқанмен, мемлекет қолдауының арқасында кәсіпкерлердің 90%-дан астамы карантиннен кейін өз бизнестерін қайта бастады. Ауыр жағдайларға қарамастан, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны азайған жоқ, керісінше, 262 мың адам жұмыс істейтін 123 мыңнан астам кәсіпорын жұмысын жалғастырды. Әрине, мұнда бизнестің жол картасы, «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде және 15 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылған «Даму» Қорының қаражаты есебінен мемлекеттік қолдау үлкен рөл атқарды. Кредиттер, гранттар, микрокредиттер мен гранттар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау түрінде барлығы 4 мың кәсіпкер көмек алды. Дағдарысқа қарсы жоспар аясында 119 мың. бизнес субъектісі салықтық ынталандырулар ал-ды, 641 субъектіге 24 млрд.теңгеге несиелер бойынша кейінге қалдырулар берілді. Сонымен қатар, 6,5 мың жалға алушыға жалдау ақысы 30%-дан 90%-ға дейін төмендетілді», – деген облыс басшысы құрылыс саласында республика бойынша алдыңғы қатарда келетін Жетісу өңірінде тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, 1 млн. шаршы метр тұрғын үй берілетінін де тілге тиек етті. Өңірде пәтер алуға 52 мыңға жуық, жер телімдерін алуға 154 мыңнан астам азамат кезекте тұрса, өткен жылы 2 395 отбасы баспанамен қамтылған. Оның ішінде 1 258 көпбалалы және әлеуметтік осал отбасы үйлі болған.

Өз сөзінде аймақ басшысы 1,2 млн. халқы бар 156 елді мекен газбен қамтамасыз етілгенін де айтты. Алты жылда газдандыруға 148 млрд.теңге бағытталса, оның 93 млрд. теңгесі инвесторлар есебінен болған. *«Тек облыс орталығында 2020 жылы газға 16 мың абонент қосылды. Балқаш, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Ескелді аудандары мен Текелі қаласының орамішілік желілері салынуда. Ақсу, Сарқан, Алакөл, Райымбек және Кеген аудандарын қамтитын «Талдықорған – Үшарал» және «Шелек – Кеген» магистральдық газ құбырларының құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжатты әзірлеу аяқталуда. Құрылысты келесі жылдан бастау жоспарлануда және 2025 жылға қарай газдандыру деңгейі 76% - ға дейін жеткізіледі»*, – деді ол.

Әкім есебінде Жетісу өңірінде экономиканы қарқынды ұстау бағытында Ұлттық тауар өткізу жүйесі шеңберінде Еңбекшіқазақ ауданында және Қапшағай қаласында екі көтерме-тарату орталығы құрылатынын баяндады. Бұл жұмыстар көтерме-тарату орталығы өнімді шоғырландыруға, оны шығынсыз сақтауға және ішкі нарыққа ғана емес, экспортқа да жеткізуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін мәлім етті.

Облыста 19 мыңнан астам отбасы атаулы әлеуметтік көмек алған. Сондай-ақ, алдағы бес жылда 27 мың орындық 49 мектеп салынатыны да айтылды. Сонымен қатар, ауылшаруашылық саласында соя өсіру көлемі 95%-ға жеткен әрі оны өңдеу жақсы жолға қойылған. Шағын және орта кәсіпке қатысты «Бизнестің жол картасы», «Еңбек» бағдарламасы көрсетілген көмектер өз жемісін беруде. Сондай-ақ, құс еті мен жұмыртқа өндіруде көш басында тұрған Алматы облысында құс етін экспорттау соңғы үш жылда 2 есе өскен.

Алматы облысының Үшарал қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту мен Ақши ауылында тазартқыш құрылысы бар кәріз жүйесін салу жобалары Үкімет тарапынан қолдау тапты. Жалпы туристер легі 2025 жылға қарай 3,5 млн. адамға жетеді, бұл өз кезегінде бюджеттің кіріс бөлігін арттыруға ықпал ететін болады.

Белгілі болғандай, өңірде Алакөл көлі жағалауының инфрақұрылымын дамытуға көп көңіл бөлінген. Үшарал әуежайы салынды. Темір жол қатынасы жолға қойылып, оған арнайы вокзал салынды. Ақши ауылына дейінгі 23 шақырымдық жол қайта жаңғыртылды. Соның арқасында Алакөлде маусым сайын демалатындар қатары 1,3 млн. адамнан асты.

Сол сияқты туризмнің тағы бір басымдық беретін бағыты – Алматы тау кластері. Соның аясында Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарында заманауи тау-шаңғы курорттары салынады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖОЛ КАРТАСЫ

60 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов «Жұмыспен қамтудың жол картасы» жүзеге асыруға ерекше көңіл бөліп отыр. 2020 жылы бағдарламаны іске асыру үшін 1051 жобаға 105 миллиард теңге бөлінді.

Айта кету керек, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» аясында үлкен жұмыс атқарылды.

Бағдарлама аясында 60 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Карантин кезеңінде жұмысынан босап қалған азаматтардың дені жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналастырылды.

Облыс әкімі Амандық Баталовтың айтуынша, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде тұрғындардың жұмыспен қамтылу деңгейі артып, халықтың әл-ауқаты жақсарып, жұмыссыздық азайып келеді.

«*Бағдарламаның негізгі міндеттері: өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды, жұмыссыздарды және халықтың нысаналы топтарына кіретін азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын орындау, кадрлық әлеуетті дамыту. Биыл біз бұл салаға үлкен көңіл бөлеміз»,* – деп атап өткен Амандық Баталов «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» аясында 18 миллиард теңгеге 216 ауылдың жолы жөнделгенін, еңбеккерлер жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа алынып, ең азы 85 мың теңге жалақы алып отырғанын да тілге тиек етті.

Осы бағдарламамен жұмысқа орналасқан Фархат Мансапбековтың айтуынша, «ЖҚЖК» олар үшін тамаша мүмкіндік болған. «*Мені жұмысқа шақырған кезде қатты қуандым. Өйткені, қазір ақша өте қажет. Жалақы да жақсы, жағдай да жақсы, ең бастысы, біз өз ауылымызға пайдамызды тигіземіз*», – деді ол.

Алматы облысында «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бірнеше бағытта жүзеге асырылуда. Бұл: күрделі жөндеу, әлеуметтік нысандарды қайта жаңарту, елдімекендерді абаттандыру, ауылдық жерлерде дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер салу. Сонымен қатар, мектеп ғимараттарын күрделі жөндеуге және емдеу амбулаторияларын салуға бірінші кезекте көңіл бөлінуде. Яғни, өңірдің әр ауданы мен қаласында бағдарлама аясында кем дегенде 10 жоба іске асырылуда деген сөз.

Атап өту керек, аймақта жүздеген сәтті жоба жүзеге асырылып, мыңдаған жетісулық жұмысқа орналасты. Сондай-ақ, өңірде әлеуметтік маңызды нысандар саны артып келеді. Жетісуда «ЖҚЖК-2021» жобасын да белсенді дамыту жоспарланып отыр. Биыл тағы жеті мектептің құрылысы басталады. Оның алтауы үш ауысымды мектептердің орнына салынбақ.

Айман АСЫЛ

МЕДИЦИНА

15 ақпанда бүкіл әлем бойынша Халықаралық қатерлі ісік ауруы бар балалар күні атап өтілді. Ол қатерлі ісікке шалдыққан балалардың ата-аналары ұйымдастырған халықаралық конфедерациясының бастамасымен өткізіледі / ICCCPO.

ЖЫЛ САЙЫН 600-ге жуық бала қатерлі ісікпен ауырады

Осы күні ҚазОжРҒЗИ балалар онкологиясы орталығында аниматорлардың қатысуымен балаларға арналған іс-шара өтті. Шара барысында ҚР ДСМ бас онкологы, «ҚазОжРҒЗИ» АҚ Басқарма Төрайымы Диляра Қайдарова: «*Биыл біздің кішкентай пациенттеріміз үшін мерекені толығымен «Андерсон» кафесі ұйымдастырып берді! Сонымен қатар, «Амила» және «Мепіп artapyт» қайырымдылық қорының еріктілері кішкентай пациенттерге сыйлықтар жасады. Мерекелік және оптимистік көңіл-күй аурудың ағымына да оң әсер етеді. Біз балалар мен олардың ата-аналарын жағымсыз ойлардан алшақтатып, олардың көңіл-күйін көтергіміз келеді. Өткен жылы біздің балалар онкологиясы Орталығында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балаларға оң әсер беретін жағдай жасалды. Өйткені, жақсы жағдай қолайлы емге де әсер етеді. Біз бәрі жақсы болады деп сенеміз*», – деді.

Оның сөзінше, Қазақстанда жыл сайын 600-ге жуық бала қатерлі ісікпен ауырады. Көп жағдайда бұл қан ауруы – «лейкемия». Балалар онкологиясының жалпы құрылымында ми ісіктері, нейробластома, лимфома және ретинобластома басым. Қазіргі уақытта Қазақстанда балалардың кейбір онкологиялық аурулары кезінде емдеудің тиімділігі 70-90 пайызды құрайды. Сондай-ақ, қатерлі ісіктің генетикалық ақаулардың нәтижесінде пайда болатын түрлері де бар және оларды емдеу нәтижелері әлі де жоғары емес. Бірақ әлемдік медицина бір орында тұрмайды, Қазақстанда да емделу мен бақылауға мүмкіндік бар екен.

Балада онкологиялық ауруды анықтау өте қиын. Сондықтан ата-аналар балаларының денсаулығына өте мұқият болуы керек. Қатерлі ісік терапиясының тиімділігі уақтылы диагноз қоюға байланысты екенін есте ұстаған жөн дейді мамандар. Ал, қатерлі ісікке шалдыққан балалардың халықаралық күнін үмітсіздік күні деп санауға болмайды. Бұл балалардың ауруды жеңетін мерекесі.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙДІ

Елімізде «Татуласу: сотқа дейін, сотта» бағдарламасы іске асуда. Соған байланысты әрбір өңірде соттан тыс татуластыру орталықтары ашылып, жұмыстануда. Бұл орталықтан медиатордың, адвокат, нотариустар мен сот орындаушылар қызметін тегін алуға болады. Сонымен қатар аудандар мен ауылдық округтерге де билер кеңесі құрылып, жергілікті халықтың тыныштығын бұзатын келеңсіздіктерді, атап айтқанда отбасының ажырасуы, ішімдікке салыну, ұрлық тағы басқа да құқық бұзушылықтарды тоқтату үшін қызмет жасауда.

Дауды татуластыру рәсімдері арқылы шешудің оңтайлы тұсы көп. Дауды татуластыру арқылы реттеу біріншіден, сот шешіміне қарағанда тараптардың бір шешімге келуі ыңғайлы, екіншіден, көп жағдайда екі жақ заң нормаларын дұрыс түсінбеуден дауласып жатады, ал соттың сол нормаларды дұрыс әрі тиісті түрде түсіндіруі екі тараптың бір мәмілеге келуіне алғы шарт болып табылады.Үшіншіден сот тек шешімі бір тарапты ғана қанағаттандыруы мүмкін болса, бітімге келу арқылы екі тарап та ортақ мәмілеге келіп, яғни қол алысып, дауға соңғы нүкте қойылады. Ал, төртіншіден, дауды келісім арқылы реттеу екі жақтың да қаржысы мен уақытын, сонымен қатар соттың да уақытын үнемдейді. Тағы бір тиімділігі, егер сотпен бекітілген қандай да бір келісім ерікті түрде орындалмай қалса, тараптар атқару парағы арқылы мәжбүрлі түрде орындату туралы мәселені көтеруге құқылы, яғни егер бір тарап екінші тарапқа берешек болып, оны белгілі бір уақытқа дейін қайтару туралы өзара келісім жасайды. Жауапкер оны уақытында орындамаса, талап қоюшы жақ сотқа атқару парағын шығаруға өтініш беріп, берешекті мәжбүрлі өндірте алады.

Дауды бейбіт жолмен шешу барысында судьяға арыз қабылданған күннен бастап тараптарды татуластыру үшін тиісті шараларды қолданып, істі қараудың барлық сатысында талапты түсіндіру жүктелген.

Азаматтық процестік кодекстің 174-бабына сәйкес, сот тараптардың татуласу үшін шаралар қолданады және даулы процестің барлық сатыларында істі келісіммен реттеуге жәрдемдеседі. Азаматтық процестік кодекстің 176-бабында көзделгендей, тараптар келісімді жазбаша түрде дайындап, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.

Бұл құжатта келісімді орындау мерзімі мен тәртібі міндетті түрде көрсетіледі. Және де азаматтар өздерінің шарттарын қойып, оған өзара келіскен жағдайда ғана олардың келісімін сот бекітеді. Сондай-ақ, қазіргі тәжірибе медиация туралы заңды қылмыстық іс жүргізуде де қолдану қолайлы екенін көрсетіп отыр. Көбіне-көп қылмыс жасалғаннан кейін жәбірленуші мен айыпталушының арасында жағымсыз қатынас орнап, көпшілік жағдайда айыпталушы жәбірленушіден кешірім сұрап және келтірілген залалдың орынын толтыруға әрекет жасайды. Жәбірленуші жақ көңіліндегі реніштен арыла алмағандықтан онымен байланысқа бара алмай жатады. Ал мұндай жағдайда медиатор екі жаққа да заңды әрекет жасауға ықпал жасай алады.

Біздің мақсатымыз дауларды сотқа дейін реттеудің дұрыстығын халыққа жете түсіндіру, жергілікті өзін өзі басқару арқылы заңдастыру болып табылады. Соңғы уақытта медиация аясында неке бұзу туралы талаптар бойынша да белгілі бір бітімге келу көбейіп келеді және болашақта бұл үрдістің кең қолдануы жақсылықтың нышаны болып қала беретіні ақиқат.

Гаухар ТЫНЫСБЕКОВА,
Көксу аудандық сотының төрағасы.

БІЛІМ

ТӘРБИЕ БАСЫ – бастауышта

Егеменді елдің ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Болашақта жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі.

Мектеп табалдырығын аттаған бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату, әрбір оқушы бойында ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

Бастауыш мектеп оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да, жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады.

Ә.АБДИЖАЛИЛОВА,
Талдықорған қаласындағы №2 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

МӘНЕРЛЕП ОҚУ САЙЫСЫ ӨТТІ

А. Макаренко атындағы №6 орта мектепте Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жас мамандары К.Ақышева, Д.Оралова, А.Нұрқановалардың ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында «Мұқағали – ғасыр ақыны» атты мәнерлеп оқу сайысы онлайн форматта ZOOM платформасы арқылы өтті.

Аталған шараға 10 «А» сынып оқушылары:Қ.Шакен, Б.Мұрат, Қ.Бекежан, З.Мұхтарбекқызы, Б.Жұмажан, А.Тұрысбек және 6 «А» сынып оқушылары: І.Көкен, Р.Қуандықұлы, Б.Асанова, М. Асқарқызы, Е.Исмолда; 6 «Ә» сынып оқушылары: Б.Базартай, Э.Кубентай, Э.Габдырафик, А.Абдуллаева, З.Малгеждар қатысты. Шара барысында оқушылар ғасыр ақынының өлеңдерін оқыды.

Мұқағали ақын қай тақырыпқа барса да, не туралы жазса да, шығармаларының астарында адамның ғұмыры мен тағдыры айтылады. «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағалидың барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртінде өтті. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлы құпияларын жария етті.

Мұқағали мұрасы, маржан поэзия – мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қадірлейтін мұрасы.

Зормамед ОСПАНОВ,
Саягүл ЕРКЕНБЕКОВА,
А.Макаренко атындағы №6 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері.

КІТАП ӘЛЕМІ

БАЛАЛАРҒА ҚАЗЫНА

Балалар әдебиеті – барша әдебиеттің баспалдағы, ұрпақ тәрбиесінің тал бесігі, тәлім ордасы. Әлем, төл әдебиетімізде де балаларға арналған классикалық үлгілер, жауһар туындылар жеткілікті.

Балалардың әр буынының психологиясына, таным-түсінігіне, ұғым-пайымына сәйкес қызықтыра отырып жазу оңай емес. Дегенмен осы олқылықтың орнын толықтыру, ақын-жазушыларды балаларға арналған шығармалар жазуға ынталандыру, келешек ұрпақты парасатқа жетелеу, балалар әдебиетін өнердің өскелең бір саласы ретінде дамыту мақсатында қалалық орталық балалар кітапханасы облыс әкімінің қолдауымен жарық көрген балаларға арналған «Балаларға қазына» атты үш томдық кітапты насихатту шарасын өткізді.

Шара аясында ақын А.Кәріпбаева жинаққа енген облысымыздағы ақын жазушылардың қиял ғажайып ертегілері мен әңгімелері, салт-дәстүрімізді,тіліміздi, мәдениетімізді насихаттайтын шығармалары жайлы айтып өтті.

Бұл кітап балалардың санасын сәулелендіріп, рухын қуаттандырады деп ойлаймыз.

Л. ДАЙРАБАЕВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының кітапханашысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВОСТИ

БУДЕТ ПОСТРОЕНА ЧАСОВНЯ

В селе Карабулак планируется начать строительство часовни. Небольшая часовня будет построена на территории сельского кладбища.

Для начала стоит понять что же такое часовня.Часовня — небольшая христианская постройка культового назначения с иконами, не имеющая особого помещения, где располагается алтарь,такие постройки обычно можно наблюдать около кладбищ или исторических и духовных мест.

«Есть замечательная православная традиция, еще на Руси часовни было принято строить около кладбищ. Молиться за упокой души наших родных и близких это обязанность каждого христианина. По обыкновению приходя на кладбище мы возносим молитвы за упокой, и когда появятся часовня будет возможность сделать это в любую погоду.» — говорит настоятель протоиерей Свято-Абалацкого храма Григорий Карапетьянц.

По словам протоиерея Георгия, на строительство и обслуживание часовни выделено 15 соток земли. Большую часть территории будет занимать зеленые насаждения, а также небольшая сторожка для охраны.

«Решено было назвать часовню «Всех святых». Почему такое название? На кладбище похоронены разные люди, у каждого свой небесный покровитель, а значить будет возможность поминать каждого усопшего.» — утверждает настоятель.

Средства на строительство часовни были собраны благодаря пожертвованиям прихожан церкви и жителей села.

«У каждого живущего в Карабулаке есть близкие люди, похороненные на этом кладбище. Это очень важно, что средства были собраны именно так, значит каждый вложил свой «кирпичик» и частицу всего сердца…

Думаю, часовня будет особенно дорога каждому жителю села.

К тому есть еще одна замечательная церковная традиция, о которой многие не знают. Каждый, кто принимал участи в строительстве, украшении или же к примеру пожертвовал на храм попадает в вечное поминание в процессе богослужения в этом самом храме, часовне и т.д. » — рассказывает протоиерей Григорий.

Строение имеет уникальный архитектурный дизайн разработанный одной из прихожанок Свято-Абалацкого храма Ниной, талантливым архитектором на пенсии совместно с самим настоятелем.

«Архитектура это по большей части идея прихожанки нашего храма Нины. Мы очень долго пытались понять какая оптимальная высота и ширина должна быть у строения, важно было учесть, что в часовне будут проходить прощание с умершими, но с помощью архитектора решение было найдено.

Также очень важно чтобы строение было не только внешне привлекательным, но максимально долго прослужило.»—говорит настоятель.

Часовня будет иметь восемь стен,что является одной из основных задумок .

«Православная звезда восьмиконечная, именно поэтому мы пришли к такому решения,что стен в часовне будет восемь, также восьмерка является символом бесконечно, а значит символом вечной жизни.» — делиться Григорий.

Что касается зеленого насаждения,то по словам настоятеля храма планируется засадить территорию деревьями, преимущественно дубами и березами .

«Дубы и березы это достаточно долгоживущие деревья, которые будут создавать приятную прохладу в летний зной для всех, кто захочет посетить часовню.»— рассказывает Григорий.

На данный момент Григорий Карапетьянц ждет последнее разрешение для начала строительства,с приходом более теплой погоды планируется начать возведение часовни.

Карина Пфайфер

ОФИЦИАЛЬНО

ГЛАВА МОН ДОЛОЖИЛ ТОКАЕВУ О СОСТОЯНИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА

Глава государства принял министра образования и науки Асхата Аймагамбетова, сообщается на официальном сайте Акорды.

Касым-Жомарт Токаев заслушал отчет министра образования и науки о ходе исполнения поручений, обнародованных в послании народу Казахстана, а также на заседании Национального совета общественного доверия и расширенном заседании правительства. Асхат Аймагамбетов доложил президенту, что министерством активно реализуются меры по повышению статуса педагогов, на 25 % увеличена заработная плата учителей.

Планируется строительство новых 200 школ, которые должны быть построены в этом году. Глава государства был проинформирован о состоянии учебного процесса в период пандемии и принимаемых мерах по восполнению знаний школьников, созданию благоприятной среды для детей и реализации проекта «Читающая школа».

В ходе встречи также обсуждались вопросы, касающиеся защиты прав детей, развития отечественных колледжей и вузов, повышения качества высшего образования, обеспечения академической свободы и дальнейшей оптимизации учебных заведений.

В завершение президент поставил перед министром ряд задач по дальнейшему совершенствованию сферы науки и образования Казахстана.

Соб.Корр

ЗДОРОВЬЕ

ПОМОГАЮТ ЛИ ВИТАМИНЫ В ЛЕЧЕНИИ COVID-19

УЧЕНЫЕ ВЫЯСНИЛИ, ПОМОГАЮТ ЛИ ВИТАМИНЫ ПРИ ЛЕЧЕНИИ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИИ. ПО ДАННЫМ ЭКСПЕРТОВ, ЛЕЧЕНИЕ ВИРУСА ВИТАМИНАМИ НЕ ТОЛЬКО НЕ ЭФФЕКТИВНО, НО И МОЖЕТ НАВРЕДИТЬ.

Как передает Lenta.ru, ссылаясь на статью из журнала JAMA Network Open, лечение КВИ цинком и витамином С не дает положительных результатов и даже может причинить вред. В научной статье сказано, что такая терапия не сокращает сроки заболевания.

Специалисты провели эксперимент, где 214 человек были поделены на четыре группы. Участники трех групп принимали витамины как по отдельности, так и в одно время, а четвертая группа подопытных - лечение проводила традиционно, используя жаропонижающие средства и давая организму отдохнуть.

"Высокие дозы глюконата цинка, аскорбиновой кислоты (витамина С) или обеих добавок не уменьшали симптомов SARS-CoV-2", — заявил кардиолог клиники Кливленда доктор Милинд Десаи.

Уточняется, что в тех группах, где пациенты принимали витамины, были выявлены побочные эффекты, которые могли возникнуть из-за огромных доз препаратов, а именно, спазмы желудка, диарея и тошнота.

Эксперты отметили, что прием цинка в первые 24 часа после появления симптомов простудного заболевания, помогает уменьшить срок самой болезни всего на один день. Ученые рекомендуют не принимать витамин С в дозе, превышающей 75 миллиграммов для представительниц женского пола и 90 - для мужчин.

Айгуль Адилжанова,
4 курс ЖУ им.Жансугурова.

ОБРАЗОВАНИЕ

НОВЫЙ ФОРМАТ ШКОЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ



Учитель Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган Лаура Татиева преподает уроки математики в «Online мектеп».

Образовательный проект «Online мектеп» был инициирован Аружан Саин, общественным деятелем, директором благотворительного фонда «Милосердие». Для участия в проекте был проведен кастинг для казахстанских учителей, по итогам которого Лаура Татиева вошла в список учителей-ведущих.

Уроки математики учителя Назарбаев Интеллектуальной школы находятся в свободном доступе на канале «YouTube» под тегом «Online мектеп». Здесь же надвух языках представлены видео-материалы по физике, химии, биологии.

В период дистанционного обучения проект «Online мектеп» дает возможность учащимся получить бесплатные уроки, улучшить свои знания, освоить школьную программу 5-11 классов, не выходя из дома. Проект запустился при поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан.

- Online мектеп - очень удобный ресурс для обучения учащихся. Я преподаю алгебру и геометрию на казахском языке по темам каждой четверти. Если один урок посвящается объяснению теории, то на втором уроке в обязательном порядке показываю практическую часть. Все как в школе, только в онлайн режиме, - делится своими впечатлениями Лаура Татиева, учитель математики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган.

К. ПФАЙФЕР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЕЛЕ

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ КӨП

«Лудомания» деген аса қатерлі дертті естуіңіз бар ма? Тәніңіз ауырып, жаныңыз жапа шекпесе де, санаңызды улап, айрандай ұйып отырған отбасыны тасталқан етуге «құдіреті» жетеді. Мейлі, отбасылы болмаса да, «бойдақпын» деп алшаң басқан бозбалалардың да тұмсығын тасқа тигізген. Құмар ойындарға бәс тігіп, үйі мен көлігінен айырылған, миллиондаған ақшасын желге ұшырғандар жетерлік.

Ақпарат құралдары ел тұрғындарының 5%-ы аталған құмар ойындарға тәуелді екенін растап отыр. Ал, оның 82%-ы жеңіліске ұшырайтын көрінеді. Ең қызығы, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл ойындардың психикалық ауытқуға әкеп соқтыратынын мәлімдеді. Адам денсаулығына аса қауіпті сырқат қатарына жатқызып, дабыл қаққан-ды. Соған қарамастан тәуліктеп букмекерлік кеңселерді торуылдаған жастарға тосқауыл боларлық күштің жоқтығы қынжылтады.

«Қой» дейтін қожа қайда? Тосқауыл қайдан болсын, соңғы он жылда «ойын бизнесі» ел бюджетіне 5 миллиардтан астам теңге құйған. Бейресми деректерге сүйенсек, ел аумағында орналасқан букмекерлік кеңселердің жылдық ақша айналымы 50 млрд. теңгені құрайды-мыс. Осыдан да болар, оңай олжаны көксейтін еңбекке осал адамдардың қалтасын қағып жатқан ойын кеңселерінің мұртын балта шаппай тұр. Ойын мекемелеріне берілетін рұқсатнама мерзімі 10 жыл болса, сол лицензияның құны бар болғаны 1 млн. 616 мың теңгеге тұрады. Еуропаның біраз мемлекетінде бәс тігуге қатаң тыйым салынған. Ал, АҚШ-тың бірнеше штатында ғана оған рұқсат етілген. Ойынға үзілді-кесілді тыйым салған мемлекеттер: Оңтүстік және Солтүстік Корея, Қытай, Түркия мен Израиль, Сауд Арабия екен. Ал бізде бір ғана орталықтың 327 нысаны жұмыс істейді. Ай санап аранын ашып, күн санап көлемін ұлғайтқан бір «ашкөз» дерсіз. Қайсібір жылдары «ВВС» арнасына сұхбат беріп, құмар ойынға қатысты бар шындықты жайып салған «Sportradar» деректерді жинау орталығының директоры Даррен Смол заңды және заңсыз кеңселерді қосқанда, букмекерлік нарықтың құны 700 миллиард доллардан 1 триллион долларға дейін екендігін айтқан болатын. Букмекерлік кеңселер жүйесі бәс тігушінің ұтылу ықтималдығын тым жоғары қоюға жасырын түрде жұмыс атқарады. Соның өзінде, оңай олжаға кенеліп үйренген сұғанақ қолдардың сұранысы бәсеңдемей тұрғаны алаңдатады. Қазақстанға 1990 жылдардың басында келген бұл құмар ойын түрі аз уақыт ішінде аудиториясын барынша кеңейтіп үлгерді. Сөзіміздің растығына әуелі өзімізді иландырмақ болып, қаламыздағы бірнеше букмекерлік кеңсеге бас сұғып көрдік. Бақсақ, жасы да жасамысы да осында жиналыпты. Жас дейтініміз, он сегізден енді асқан студенттерді де, жасамыс дейтініміз, ақыл тоқтатып, ел ағасы жасына келген азаматтар да осы орыннан табылды. Әр сағат сайын 5-10 мың теңгенің желге ұшқанын көріп, көңіліңіз пәс болады.

Алғашқыда «бәс» тек жекпе-жек түрлеріне тігілетін еді. XX ғасырдан бастап спорттың әр түріне бойлай бастады. Әлем чемпионаты, Олимпиада ойындары секілді салмақты да байрақты бәсекелерде спорттың жілігін шағар сарапшылар түрлі болжам айтып, букмекерлік кеңселердің саудасын қыздыруда. Айтқандай, осы жерде естіп-білген бір қулықтың шетін шығаралық. Футбол, теннис, бокс сияқты спорт түрлері кейде букмекерлік орталықтармен келісімшартқа отырып, команданың бағы мен бабын қолдан жасайды деген сыбыс бар. Яғни, кімнің жеңу керегін, не жеңілу керегін алдын-ала келісіп қояды-мыс. Сол себепті, тапқан-таянғаныңызды қойыныңызға тығып, еселеп қайтарамын деп бір күні сіз де кеңсе жағалап бара жатсаңыз, сақ болғайсыз. Басыңызға қашан «бақ құсы» қонарын дөп басып айту аса қиынға соғады. Алмақтың да салмағы барын, оңай олжаның оңалтпасын, орасан пайда көз шығарарын ұмытпағайсыз. Бұны мен емес, атам қазақ айтып кеткен. Айтпақшы, қоғамды бәсекенің буы шарпып тұрған шақтарда спортты қойып, саяси оқиғаларға да болжамын айтып, бәс тіккендер бар. Естеріңізде болса, 2006 жылы Қазақстанда тіркелген бір букмекерлік орталық Лондонда қайтыс болған Ресей қауіпсіздік қызметінің бұрынғы қызметкері Александр Литвиненконың өліміне қатысты істің қандай қорытындымен аяқталатынына болжам айтушылардың бәсін қабылдап, жаға ұстатқан. Соның арқасында саяси шиеленіске толы жағдай букмекерлік кеңселердің қаржысын еселеген. Адами құндылық жоғалған шақта адам өмірі де ойыншыққа айналарын және бір дәлелдеп бергендей. Тіпті деймін-ау, біреудің ажалымен келген ақшаға қайтіп адал ас іше аларсыз? Мына бір оқиға тіптен шалқадан түсірді. «Манчестер Ситидің» футбол клубының жанкүйері Амани Стэнли «Манчестер Юнайтедпен» болатын жарысқа әйелін бәс ретінде қойған. Екі тарап қолхат жазысып, бәстің шартын алдын-ала жасаған. Ал, әлгі желөкпе жанкүйеріміз командасының жеңіске жететініне сенімді болғанымен, жеңіліс тауып әйелінен айырылып қалған. Бәстің құны – өмір. Бір өкініштісі, бәс тігемін деп басын қатерге тіккендерді тізбелей берсе, бір том кітапқа айналуы мүмкін. 2018 жылы Талдықорғандағы букмекерлік кеңселердің бірінде жұмыс істеген 19 жасар қыз белгісіз себептермен қайтыс болған еді. Тергеу дерегі бойынша, А. Құрманғалиева кеңсе кассасындағы 98 мың теңгені бәске қойып, ұтылып қалған. Тығырықтан шығудың жолын таппай, биіктен секіріп, қайтыс болған.

Ең қорқыныштысы, бәс тігу үшін несие алып, қарызға белшесінен батқандарды да естіп-біліп жүрміз. Қарыздан құтылудың жолы – өлім деп білгендер, жақындарына қайғыдан қан жұттырып кетеді. Бұл орталықтардың жарнамасы да әр жерден бір «менмұндалап» тұрады. Сорақысы сол, өзіне адам тартудың жолдарын әбден оңтайластырып қойған олар, үйден шықпай-ақ, смартфон арқылы бәс тігуге де мүмкіндік беріп отыр. Заң бойынша, бұл орталықтарға 21 жастан жоғары азаматтар ғана келе алады. Осы орайды пайдаланып, смартфонның ар жағында қаншама өскін жасырынып, бәс тігіп отырғанын кім білсін? Лудомандар қайдан шығады? Бұл мақаланы оқи отырып, «Осыдан аулақ жүрсе екен» деген оймен үйіңіздегі ер жеткен балаңыз әлде бауырыңыз үшін алаңдап отырсаңыз, қателесесіз. Нағыз лудоман – телефоннан бір сәт ажырамайтын 3-4 жасар бүлдіршініңіз. Иә, дәл солай. Кеңсеге барып бәс тігер халге жетпегенімен, үйде отырып-ақ, тәуелділік пен телефонға деген құмарлығын «дамытуда». Белгілі психотерапевт Тимур Мұстафаев құмар ойындарына тәуелділікті емдеудің қиын екенін және бұл дерттің адам баласында 5-6 жастан басталатынын айтады. *«Бұл тәуелділік 5-6 жастан басталады. Яғни қазір ата-аналар балаларына телефонды берген кезінен бастау алады деп айтуға болады. Баланың өмірге деген көзқарасы 5-6 жасында қалыптасады. 14 немесе 20 жаста емес. Ми 14 жасқа дейін дамиды, ал 14 жастан кейін сыртқы факторларды қабылдайды. Дәл осы уақытта яғни 5, 7, 10 жаста балалар адамдармен қалай сөйлесу керектігін, кімнен үлгі алатынын түсіне бастайды. Бірақ дәл осы кезеңде, өкінішке қарай, ата-аналар балаларына телефонды бере салады»,* – дейді психотерапевт белгілі басылымға берген сұхбатында.

Глобальды проблемалардан кем түспейтін осы бір көз алдымыздағы дерттің жайын көріп-біле тұра заңның әрекет ете алмайтыны өкінтеді. «ҚХР Үкіметі жеткіншектерге үлкен талап қояды. Мәселен, компьютерлік бағдарлама өзін жүйеге қосқан адамның кәмелеттік жасқа толмаған бозбала екенін білсе, бір күнде үш сағат тұтынуға рұқсат етеді. Бес сағаттан соң бағдарлама жұмысын толық тоқтатады. Сонымен қатар, оқушылар интернеткафеге де кіре алмайды. Егер кафеде демалып отырған оқушы ұсталып қалса, 30 күн «зынданға» қамалады. Осы жағдай екінші рет қайталанар болса, мектептен қуылады.

ТҮЙІН: Ата-бабамыз «Ойынға ойсыз құмар» деп дөп басып айтқан. Бабалар тарихына үңілсек, құмар ойнау деген ұғым қазақ танымында болған емес. Тіпті, дінімізде де бәс тігуді құп көрмейді. Қазақ тілсіз жау деп өрт пен суды атаса, бүгінгі қоғам бейнесіне қарап, өз тұжырымымызда үшінші жау ретінде «Лудомания» дертін де қоса айтқымыз келеді. Бұл дерттің өрттен несі кем? Үнсіз келіп адами құндылықты өрттей жалмап, талай жастың ғұмырын жалындай шарпыды.

Данагүл БЕРЕКЕТ

МЕДИЦИНА

ОҢАЛТУ БӨЛІМІНДЕГІ ОҢДЫ ІСТЕР

ТАЛДЫҚОРҒАНҚАЛАСЫНДАҒЫОБЛЫСТЫҚАУРУХАНАСЫНЫҢЕМДЕУ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ БӨЛІМІНДЕ БҮГІНГЕ ДЕЙІН 300-ДЕН АСТАМ ЕМДЕЛУШІ ЕМ ҚАБЫЛДАДЫ.

Аталмыш бөлімнің меңгерушісі Ақмарал Байғоңұсова бастаған тәжірибелі дәрігерлер инсульттан кейін келген емделушілердің сөйлеуі мен жадысын (есте сақтау қабілетін), өзге де когнитивті бұзылуын қалпына келтіруге бар күштерін аямайды.

Оңалту курсы әр емделушінің ыңғайына қарап таңдалады. Мұнда келген соң олардың әр күні минутпен жоспарланып, белгіленеді. Ал олармен арнайы психолог Жақсылық Сәметов пен кәсіптік терапевт Сәбира Қарабекова жұмыс істейді. Кинезотерапевт

дәрігерлері тренажерлардағы жаттығулардың көмегімен аяқ-қолдары жұмыс істемей қалғандардың қимылдарын қайта қалпына келтіруге барынша көмектеседі.

Емделушілер массаж, қозғала алмай қалған аяқ-қолдарды қалпына келтіруге электростимуляциялау және физиотерапия, босс терапиясы, оттегі терапиясын алады. Сонымен қатар мұнда музыкамен де емдейді.

Дәрісіз (таблеткасыз) емдеудің тұтас кешені, қозғалыс, оң көзқарас олардың жоғалған моторлық функцияларды қалпына келтіруге, асқынулардың алдын алуға және қалыпты өмірге тез бейімдеуге көмектеседі.Бастысы – оңалту уақытын жіберіп алмау қажет, содан кейін ғана емделуші толық қалпына келеді.

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫН АШТЫ

Талдықорғанда «Бастау Бизнес» жобасының түлегі Тұрсынай Нүсіпжан сұлулық салонын ашты. Жеке ісін бастау карантин кезеңіне тұспа-тұс келді.Тұрсынай Нүсіпжан ҚХР-ның Құлжа қаласында туып-өскен. Косметология саласында көпжылдық тәжірибесі бар. 2003 жылдан бастап ол «әдемі» бизнеспен айналысып келеді. Алайда, тек 2019 жылы өз ісін бастап, жеке салон ашуды ұйғарды.

Кәсіпкерлер палатасына жүгініп, «Бастау Бизнес» жобасына қатысты. Бір ай бойы бизнесті ашу мен жүргізудің қыр-сырымен танысып, кәсіпкер болуды үйренді.

«Клиенттерім маған әрқашан «неге салон ашып, клиенттер санын көбейтпейсің» деп сұрайтын. Содан мен мемлекеттік қолдауды пайдаланып, аппараттық косметология бағытын дамытуды шештім. Талдықорғанда бұл сала әлі дамымаған, бірақ бұл қызметтерге үлкен сұраныс бар», – дейді кәсіпкер.

Өткен жылы Тұрсынай Нүсіпжанның жобасы «Еңбек» бағдарламасы бойынша 200 АЕК көлемінде грант алды. Алайда кәсібінің бастауы пандемия ушыға бастаған кезге тұспа-тұс келді. Еліміз бойынша кәсіпкерлік нысандарына шектеу шаралары енгізіле басталған.

«Індетке қарамастан сұлулық салонын аштым. Әрине, басында қиыншылықтар болды. Біз карантин шараларының жеңілдетілуін күттік. Осы кезде бизнес – бұл тәуекелге бару және басына іс түскен кезде тиімді шешімдерді табу мүмкіндігі екенін жақсылап түсіндім. Талдықорғандағы сауда үйлерінің бірінде орынды жалға алып, Кореядан жабдық сатып алдым», – дейді кәсіпкер.

Салонда әр түрлі косметологиялық қызметтер бар: бетті аппараттық тазарту, бетті қара дақтар мен безеулерден тазарту, бет массажы, әжімдерге арналған маска.

Қазір «Тұрсынай» сұлулық салонында жұмыс қызу. Енді кәсіпкер жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасына қатысып, ол қаражатқа құрал-жабдық сатып алуды жоспарлап отыр. Оның арқасында жаңа жұмыс орны да ашылады.

Ш. ХАМИТОВ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҰЛТ ҮШІН үлкен мүмкіндік

Ана тілі – адамның ары, жаны, айбыны! Елді есіркегің келсе – тілін құрметте. Ал мәңгүрттендіргің келсе – тілінен айырып, болмыс-бітімі мен арман-мұратынан жаңылдыру жеткілікті. Ғасырлар бойы азаттықты аңсаған халқымыз кеңестік кезеңнің қыспағында сондай ауыртпалықты басынан өткерді.

Көптеген толқын кирилл қарпімен сауат ашты. Орыс тілінен енген сөздерді сол қалпында, жіңішкелік және жуандық белгісімен жазатын болдық. Тіліміздің әуезі бұзылды. Мысалы, айтылуы әп-әдемі ләзім «лазымға», тәмәм «тамамға», хәкім «хакімге» айналып кетті. Өкініштісі, кирилл қарпі қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясын алшақтатып тастағаны жасырын емес. Уақыттың талабы – латын қәрпіне көшу керек екеніне қоғам белсенділері бір ауыздан атсалып жатқаны анық. Бұл – біздің болашағамыз үшін жасалған нақты қадам екенін ұмытпасақ болғаны.

Латын графикасына өтудің ең басты артықшылығы – Батыс Еуропаның ғылыми-техникалық прогресіне ілесу. Смарт, сенсор, ақпараттық және жалпы сандық технологияның ілгерілеуіне ілесу үшін бізге міндетті түрде латын қарпіне көшу қажет. Әлем бойынша, математика, физика, химия формулалары, ғылыми әдебиеттер латын әліпбиінде таңбаланады. Ендігі мақсат – айтылған сөзді іске асыру. Егемендігіміз ұлттық мәселені шешуге толық мүмкіндік береді. Ақпарат алаңында басым, ғылымды ұғындыратын, шетте жүрген қандастарымызбен жақындастыратын латын қарпін қолданысқа енгізудің маңыздылығы мен өміршеңдігін ұғынатын кез келді. Бір нәрсе айқын. Ол – латын графикасына сөзсіз көшетініміз. Тілімізге кирилл қарпінің тигізген салқынын қайта қарап, қателігімізді түзететін, цифрландыру жүйесінде басымдыққа ие болып, жоғалғанымызды түгендейтін мүмкіндік туды.

Азиза ОМАРОВА,
№2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ЗАМАН ТАЛАБЫ

Латын әліпбиіне көшу Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру жолындағы тағы бір айқын қадамдарының бірі болмақ. Әлемнің өркениетті елдер қатарынан қалмау үшін латын әліпбиінің атқаратын міндеті көп.

Латын әліпбиіне көшу XXI ғасырдың жалынды жастары үшін ешқандай қиындық тудырмайды деп сенімді айтуға болады. «Жастар-еліміздің болашағы» деп Елбасымыз айтқандай, біздің қазіргі жастар қай салада болмасын өздерін белсенді көрсете біледі. Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр.

Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Математика, физика, химия формулалары, көптеген термин, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Айталық, бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге таңсық емес. Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады.

Латын әрпіне көшу – бұл әлемдік білім саласын игеру үшін жасалып жатқан оқу бағдарламасына сәйкес, бүкіл әлем қарым-қатынас жасайтын ағылшын тілін жастарымыздың тезірек игеруіне мүмкіндік жасайды. Әлемдік деңгейде қазақ жастарының биік белестеі болуы үшін және әлем жастарымен тіл табыса алатын деңгейде болуы үшін де латын графикасына ауысымыз өте маңызды болып табылады. Бұл жерде негізгі мақсат – кез келген ақпаратты, ғаламдық өзгерісті кез-келген азамат түпнұсқадан алып, оқи алатын болады.

Серік НҰРБАЙ,
Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.

ТҰСАУКЕСЕР

ЖЕТІСУДА «JANR» ӘДЕБИ КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Тіл сарайында «Janr» Жетісу әдеби клубының тұсаукесер рәсімі өтті. Шараға өңіріміздегі зиялы қауым өкілдері, клубтың ақылдастар алқасы мүшелері мен жас әдебиетшілер қатысты. Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Көлбаев жаңа бірлестіктің қадамына ақ жол тілеп, жастарды клуб мүшелігіне қабылдау куәлігін табыстады.

«Осыдан бір ай бұрын Жетісу жерінде «Жанр» әдеби клубын құру жөнінде бастама көтерілген болатын. Бірлестік құжаттарының бәрі заңды түрде тіркелді. Іс-шараларда, мінберде болсын, сөз сөйлегенде «Кімсіз? Қайдан келдіңіз?» деген сауалға құжат жүзінде дәлеліміз болсын деп, ақылдастар алқасы мен клуб мүшелеріне куәлік дайындадық», - деп М.Қапашұлы клуб мүшелігін растайтын құжатты ресми түрде табыс етті. Оның ішінде 18 жас әдебиетші мүшелікке қабылданса, 7 ақылдастар алқасы тағайындалды. Алқа Төрағасы болып «Жетісу» телеарнасының директоры Серік Әбікенұлы сайланды. *«Жетісу жастарын бір жерге жұмылдыру идеясы келді. Жұмылдыра отырып, өлкеміздегі насихатталмай қалған ұлы тұлғаларымызды дәріптеуді және жас таланттардың еркін қанат қағуына қолдау көрсетуді мақсат тұттық. Жетісу Бердібекпен Сайындай, Мұқағали мен Жұматайдай қазақ әдебиетінің ірі діңгектері шыққан өлке. Осы өңірден талапты да талантты азаматтар шыға берсін»*, - деген ақжарма тілегін арнаған С.Әбікенұлы «Жанр» клубы – Жетісу әдебиетін жандандыратынына сенетіндігін жеткізді.

«Жанр» Жетісу әдеби клубының президенті болып жазушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Есболат Айдабосын тағайындалса, атқарушы директоры ретінде ақын, әдебиетші Айнұр Төлеу сайланды. Президент орынбасары міндетін атқаруға ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі» Жангелді Немеребай ұсынылған болатын. Жиында сөз алған Е.Айдабосын: *«Клуб құру идеясы қайдан келді?» деген сауал алдымыздан шығады. Басқа өңірлерде де әдеби клубтар құрылады. Бірақ оның ешқайсысы қоғамдық бірлестік ретінде тіркелген емес. Өзіндік дербес мәрі мен құжаты бар қоғамдық ұйым ерекшелігімен ел назарын өзіне аудара білді деп ойлаймын. Заң жүзінде тіркелгеннен кейін оның міндеттемелері мен жүктемелері болады. Артылған жауапкершілікті атқаруға жалғыз шамам келмес еді. Клубқа 45 жасқа дейінгі әдебиетшілерді қабылдадық. Себебі осы жас межесі әдебиетке қызмет ететін шақ. Алдыңғы буын ағалардан ақыл сұрап, кейінгі ізбасарларға жол көрсетейік деген ниетпен осы бірлестік өмірге келді,* – деді.

Әдеби клубтың тұсаукесерінде бірлестік президенті алдағы жоспарларымен бөлісті. Аудиокітаптар мен балаларға арналған кітапшалар шығару, балалар әдебиеті жанрында байқау өткізу шараларын ұйымдастыру сынды бірқатар жұмыстарды да атап өтті.

Д.ӘМІР.

● БІЛІМ

ЕРТЕГІ - ИМАНДЫЛЫҚ ӘЛІППЕСІ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЕРТЕГІЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ӨТЕ ЗОР. ЕРТЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМЫТЫП,ТІЛ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРАДЫ. ЕРТЕГІДЕН ӨЗ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТҰРМЫС-САЛТЫН, ӘДЕТ-ҒҰРПЫН БІЛЕМІЗ.ОНДА ШЫНДЫҚ ОҚИҒАЛАР МЕН ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ОҚИҒА АРАЛАС КЕЛІП ОТЫРАДЫ.

Ертегілерді оқытудың мақсаты: кіші мектеп жасындағы оқушыларды ертегі кейіпкерлері арқылы жақсы мен жаманды, адал мен арамды, дос пен сатқынды, қайырымды мен қайырымсызды ажырата алуға, өмірде де сол сияқты адамдардың кездесетініне дайындайды, кешірімді, еңбекқор болуға тәрбиелейді. Ертегіні сүйіп тыңдап, жаттап, өзгеге мағынасын бұзбай айтып бере алатын бала сол ертегінің нәрін бойына сіңіріп, ойы, ақылы кемелденіп, мінезі түзеледі, тілі байып, жан дүниесі өркендейді.

Сонымен қатар, ертегі баланың бойындағы сүйіспеншілік, мейірімділік сезімдерін жоғалтпауға, кішкентай жәндіктен бастап барлық тіршілікке деген қамқорлық қасиеттерін одан әрі ұштауға тәрбиелейді. Ертегі – рухани тәрбиелік мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз есті алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын, оқушыға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіретін, бала рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық. Жер бетіндегі барлық халық ертегілерінің мазмұны мен мақсаты бір деуге болады.

Ертегі – баланы рухани-парасатқа тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Ертегіні баланың құлағына алғаш жеткізіп, дәмін татқызатын оның ата-анасы, әсіресе ата-әжесі. Айналасындағының бәрін ертегідей қабылдаған баланың бойында өшпес ізгілік қалыптасады.

Ж.БЕДЕЛЬБАЕВА,
А.Макаренко атындағы
№6 орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.

Дүйсенбі - Понедельник, 22 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.45 Әнұран
06.05Д/ф «Қазақстжан даласының құпиялары»
06.20«Masele»
07.00«Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.0021.30Т/х«Нағыз әке»
13.20,02.00«Тұлға»
14.00«Теледәрігер»
15.00Т/х «Арта»
16.00Телехика
17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan»
23.00 Т/х «Елшінің қызы»
23.50«Оралу»
01.50«Ahyq alan»

ХАБАР

06.00ҚР Әнұраны
06.00 «Отаным десем...».Досымжан Таңатаров
08.00Т/х «Сапарластар хикаясы»
09.15Т/х «Ауылдастар» (2-бөлім)
10.15 «Qalamaimyn»
11.15Т/х «Между небом и землей»
12.45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.15Т/х «Бөрі»
15.00 «Бүгін». Прямая трансляция
16.00Т/х «Алпыстан асып барамын»
17.00 «Qalamaimyn»
18.00 «Кавалерия»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
21.00Итоги дня
21.30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
22.00 «Соңғы үміт»
23.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»концерттік
06.30«Күлдірген»әзіл-ысқақ
07.00 «Союзмультфильм»
08.00,14.10М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30,23.10 Т/х «Ханзада Ли Сон»
14.50 Т/с «Вопреки всему»
15.50,05.05 «Отбасы»
16.20«Ханзада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Райское место»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/хТракторшының махаббаты»
06.45 04.15 «Той заказ»
07.15«Ән дария »
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112»
14.30«Qoslike»
18.30 03.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 « Город влюбленных»Сериал
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Т/с«Такая работа»
00.00 Т/с «Ментовские войны-4»
00.30 «Ищейка»
02.10«И все таки люблю...»Ночной кинотеар
02.45 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «КТК» қоржынынан»
07.30,03.50 «Мәссаған.KZ»
08.00«ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.30,04,10 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР», т/х
09.25 «Иная реальность» (повтор)
10.10 «Нежные листья ядовитые корни»
14.00 «Девять дней до весны»
16.00,01.15 «Личность не установлена»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Маркус»
23.30 «Боец.Рождение легенды»
02.00 Астарлы ақиқат
02.45 «Той Best»
04.50-05.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Ковид шолу»
19.00 «Карантин»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Ата - баланың қорғаны»
20.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (95-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Ризамын
07.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
08.30,16.00 «Экстрасенсы-детективы»
09.30 Т/х «Жазықсыз»
11.00 Т/х «Ананди»
13.00 Х/ф «Сокровище Амазонки»
15.20 Т/с «Воронины»
17.00,02.30 «Келтатуласайык»
20.00 Информбюро
22.20 Х/ф «S.W.A.T.:Спецназ город ангелов»
01.00 Х/ф «Анаконда-2:охота за проклятой орхидеей»
04.40 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40«Қуырдақ»
06.50,02.40 «Айна-online»
06.50, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 Т/с «Машкин дом»
12.30,20.30«Ерке мұң»
15.30,23.40 Сериал «ИП Пирогова»
16.30 01.40 Т/с «Поездка за счастьем»
17.30,00.40 Т/с «Выбор матери»
18.30 Сериал «Спецы»
21.30,04.00«Зың-зың Күлпәш»
22.20,03.00Т/х «Жалдамалы қалындық»
23.20 «Q-Елі»
05.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 23 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» . Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00,21.30 Т/х «Нағыз әке»
13.30 «Жан жулуы»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
16.00 Т/х
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan». Қоғамдық-саяси ток шоу. Тікелей эфир
22.00 Т/х «Елшінің қызы»
23.50 Т/х «Оралу»
01.10 «Ashyq alan». Қоғамдық-саяси ток шоу
01.25 «Теледәрігер»
01.50 Футбо УЕФА чемпиондар лигасы.1/8 финал. «Лацио-«Бавария»

ХАБАР

06.00ҚР Әнұраны
06.03 «Уақыт»
08.00 Т/х «Сапарластар хикаясы»
09.15 Т/х «Ауылдастар» (2-бөлім)
10.15 «Qalamaimyn»
11.15 Т/х «Между небом и землей»
12.45 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.15 Т/х «Бөрі»
15.00 «Бүгін». Прямая трансляция
16.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
17.00 «Qalamaimyn»
18.00 «Валькирия» операциясы
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт». Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
21.30 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
22.00 «Соңғы үміт»
23.00 Международный турнир по ММА. AMC Fight Nights. Трансляция из Москвы.
02.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдірген» әзіл-сықақ
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ханзада Ли Сон»
14.50 Сериал «Вопреки всему»
15.50,05.05 «Отбасы»
16.20 «Ханзада Жумонг» корей телехикасы
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet» ғаламторға шолу
03.05 Үздік әзілдер
03.50 Сериал «Райское место»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Қарлығаш ұя салғанда» Т/х
06.45, 04.00 «Той заказ»
07.15 «Ән Дария»
08.00 Телеканал «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 03.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Город влюбленных»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «Такая работа»
00.00 Т/с «Ментовские войны-4»
00.55 «Ищейка»
02.00«И все таки люблю...» Ночной кинотеар
02.45 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30,03.50 Т/х « Қайран қарттар»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.10 Жаңалықтар
10.50 «Было дело»
12.00 «Боец . Рождение легенды»
14.00 «Маркус»
16.00 «Личность не установлена»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Маркус»
23.30 «Боец . Рождение легенды»
01.15 «Личность не установлена»
02.45 «Той Best Star»
04.30-05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид шолу»
19.30 «Бүгін». Прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.20 «Ковид шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (96-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00,04.20 Ризамын
07.00 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
07.30 Информбюро
08.30 «Экстрасенсы-детективы»
09.30 Т/х «Жазықсыз»
11.00 Т/х «Ананди»
13.00 What's Up?
13.30 Т/х «Воронины»
16.00 «Экстрасенсы-детективы»
17.00 «Кел татуласайык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Невиновный»
22.20 Т/х «Паутина»
05.00 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.50 «Айна online»
07.15 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеятся разрешается»
10.30 Т/х «Спецы»
12.30 Т/х «Ерке мұң»
13.30 Т/х «Элиф»
15.30 Т/х «ИП Пирогова»
16.30 Т/х « Поездка за счастьем»
17.30 Т/х «Выбор матери»
18.30 Т/х «Спецы»
20.30 Т/х «Ерке мұң»
21.30 «Зың зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалындық»
23.20 «Q-елі»
23.40 Т/х «ИП Пирогова»
00.40 Т/х «Выбор матери»
01.40 Т/х «Поездка за счастьем»
02.40 «Айна online»
03.10 Т/х «Жалдамалы қалындық»
04.00 «Зың зың Күлпәш»
04.40 «Қуырдақ»

Открыто наследство на имущество гр.Өкен Талғат Манатұлы, умершего 16.01.2021 г. Наследникам обращаться по адресу: ул.Шевченко, дом 146/4 к нотарису Бекішбаеву А.С. От Өкеновой А.Т. Телефон: 87472243342.

Сәрсенбі - Среда, 24 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,03.55 Әнұран
06.05 «Қазақ даласының құпиялары.» Деректі фильм
06.25, 17.00, 20.00, 00.05 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00, 21.30 Т/х «Нағыз әке»
13.30 «Тұлға»
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу
16.00 Телехикая
17.15 «Қызық екен»
20.35 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
23.00 Т/х «Елшінің қызы»
23.50 Т/х «Оралу»
01.10 «Ashyq alan».
01.50 Футбо УЕФА Чемпиондар лигасы.1/8 финал. «Боруссия Менхенгладбах»-«Манчестер сити»

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.03 « Өмір-өзен»(Ұлықпан Жолдасов)
08.00 Т/х «Сапарластар хикаясы»
09.15 Т/х «Ауылдастар» (2-бөлім)
10.15 «Qalamaimyn»
11.15 Т/х «Между небом и землей»
12.45 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.15 Т/х «Бөрі»
15.00 «Бүгін». Прямая трансляция
16.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
17.00 «Qalamaimyn»
18.00 «Антропоид»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт». Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
21.30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
22.00 Т/х «Соңғы үміт»
23.30 «Әсем әуен»
01.00 Т/х «Ауылдастар» (2-бөлім)
02.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Созмультфильм»
08.00, 14.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ханзада Ли Сон»
14.50Т/с «Вопреки всему»
15.50, 05.05 «Отбасы»
16.20 Т/х «ХАНЗАДА ЖУМОНГ»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Үздік әзілдер»
03.50 Т/х «Райское место»
05.30 «Бірігей

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
06.45,04.00 «Той заказ»
07.15 «Ән дария
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30.03.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Т/с «Город влюбленных»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «Такая работа»
00.00 Т/с «Ментовские войны-4»
00.55 «Ищейка»
02.00«И все таки люблю...» Ночной кинотеар
02.45 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайран қарттар»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.30 «Мерекелік концерт»
10.10 Жаңалықтар
10.50 «Было дело
12.00 «Боец . Рождение легенды»
14.00 «Маркус»
16.00 «Личность не установлена»
18.00 Т/х «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Маркус»
23.30 «Боец . Рождение легенды»
01.15 «Личность не установлена»
02.00 «Астарлы ақиқат»
02.45 «Той BestStar»
03.50 Т/х «Қайран қарттар»
04.30 -05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид шолу»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Жұмыспен қамту жол картасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (97-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
07.00 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
07.30 Информбюро
08.30 «Экстрасенсы-детективы»
09.30 Т/х « Жазықсыз»
11.00 Т/х «Ананди»
13.00 What's Up?
13.30 Т/х «Воронины»
16.00 «Экстрасенсы-детективы»
17.00 «Кел татуласайык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Невиновный»
22.20 Т/х «Паутина»
23.20 Т/х «Ананди»
01.20 Кел татуласайык
03.30 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
04.20 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.50, 02.40 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.30, 18.30 Т/с «Спецы»
12.30, 20.30 Т/х «ЕРКЕ МҰҢ»
15.30,23.40 Т/с «ИП ПИРОГОВА»
16.30, 01.30 Т/с «Поездка к счастью»
17.30,00.40 Т/с «Выбор матери»
21.30, 04.00 Т/х «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
22.20, 03.10 Т/с «Жалдамалы қалындық»
23.20 «Q-ЕЛІ»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӨТЕНШЕ

ТАСҚЫН СУ САБЫРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

«КӨТЕРЕМНІҢ АУЗЫ КӨККЕ ІЛІНСЕ, КӨКСАУ ДА ӨЛМЕЙДІ» ДЕМЕКШІ, ӨЛМЕГЕН ҚҰЛҒА КӨКОРАЙ КӨКТЕМНІҢ ДЕ ҚҰЛАҒЫ ҚЫЛТИДЫ. ҮШ АЙ ТОҚСАН, ЕЛДІ ҚАҺАРЛЫ АЯЗЫМЕН, ҚАРЛЫ БОРАНЫМЕН ЫҚТЫРҒАН КӘРІ ҚЫС ТА ОРЫНТАҒЫН БОСАТЫП, БАЛА КӨКТЕМГЕ ТІЗГІН БЕРУГЕ МӘЖБҮР. ӘСІРЕСЕ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОТҮСТІК ЖӘНЕ АРҚА ӨҢІРІНДЕ, ОҢТҮСТІКТЕГІ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА БИЫЛ ҚЫС ЕРЕКШЕ БОЛДЫ. АҚТҮТЕК БОРАНМЕН, АТ ҚҰЛАҒЫ КӨРІНБЕЙТІН ҚАЛЫҢ ҚАР ЖАУЫП, КӨКТАЙҒАҚ ЖОЛДАРДАН АВТОКӨЛІКТЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ КІДІРДІ. ҚҰТҚАРУШЫЛАР ҚАТАРЫНДА МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ САРБАЗДАРЫНЫҢ ҚЫРАҒЫЛЫҒЫ ДА ОСЫ ҚЫСТА БАЙҚАЛДЫ.

Мәселен, Алматы облысы ТЖД мен жол қызметінің қызметкерлері міндеттерін адал атқарғаны үшін «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрінің алғыс хатымен марапатталды. Марапатталғандар қатарында «Үшарал - Достық» және «Сарыөзек - Көктал» автожолдарының учаскелерінде ерен ерлік танытқан еңбеккерлер бар. Ауа райының құбылуына байланысты климаттық жағдайлардың, қатты желдің және нөлдік көрінудің нәтижесінде құтқарушылар арнайы техникамен, кейбір жерлерде күрекпен биіктігі 2-3 метрге дейінгі қар құрсауын бұзды. 2020-2021 жылдардың қысқы кезеңінен бастап 292 азаматты құтқарып, қауіпсіз жерге эвакуациялаған. Осы құтқарылған 292 азаматтың ішінде жүктіліктің сегізінші айындағы екі әйел баласымен бірге болған. Сондай-ақ, 106 бірлік түрлі автотехника құтқарылып, қар құрсауының салдарын жою бойынша жедел қабылданған шаралардың арқасында азаматтардың ешқайсысы зардап шекпеген. Өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарған, Республикалық және облыстық маңызы бар автожолдарда төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастырғаны үшін ТЖД-нің қызметкері «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» төсбелгісімен, және ҚР ТЖД-нің Алғыс хатымен ТЖД-нің 8 қызметкері «ИВРУС» ЖШС-нің 4 қызметкері «Альянс» инженерлік-өндірістік орталығы «ЖШС-нің және «АБК-АвтодорНС» ЖШС-нің 1 қызметкері марапатталды.

Жылдың төрт мезгілінде де оқыс жағдайларға сақадай сай тұратын төтеншеліктер үшін бұл марапаттар маңдай-тердің бір тамшысындай ғана болуы мүмкін. Қытымыр қыс қанша қысса да жылымығы білініп тұратын Алматы облысында биылғы қыс өзінің ерекшелігімен



есте қалатын болды. Желтоқсаннан бастау алып, ақпанның ортасына дейінгі ауа-райына болжамында дауылды ескертулер жиі жасалды. Мәселен, Іле Алатауы тауларының баурайларында, Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің бассейндерінде айтарлықтай жауын-шашынның түсуіне және тұрақсыз қар жамылғысының жай-күйіне байланысты 2 және 3 ақпанда қар көшкінінің түсуі мүмкін деген хабар тарады. Ауа райының күрт суытып, енді бірде жылынуы, қар көшкіннің еруіне байланысты, табиғат аясында жүрген адамдарға тік қарлы беткейлерге шығуға тиым салынды.

Ақпан айының 4-і күні Алматы уақытымен 12 сағат 23 минутта «ҚР БҒМҒКСТӘЭ» ММ сейсмикалық станциялар жер сілкінісін тіркеді. Бұл жер сілкінісінің эпицентрі Алматы қаласынан 230 шақырым жерде, таулы аймақ саналатын Кербұлақ ауданында болды. Алдын-ала түскен мәлімет бойынша Алматы облысы ТЖ Департаменті мен жергілікті атқарушы органдар Полиция, Қазселденқорғау, прокуратура және басқа да ұйымдар жұмылдырылып төтенше жағдайға сақадай сай тұрды. Абырой болғанда аталған аймақтарда жер сілкінісінен ғимарттардың қирауы, адамдар арасында құрбандар саны тіркелмеді. Әпсана-аңыздарда қара жерді мүйізімен көтеріп тұратын көк өгіздің бас шайқауы тыныш өтті деуге болады. Алайда, жиі-жиі дауылды ескертулерден Алматы облысының аумағында және Алматы қаласының іргелес аумағында оң температуралық фонның болжамына және аралас жауын-шашынның түсуіне байланысты көлбеу ағынның қалыптасуы, мұз құбылыстарының әлсіреуі және өзендердегі су деңгейлерінің көтерілуі күтілуде. «Әлеуалайым бітсе, хәлауләйым бар» демекші, тарпаң тағдырдың табиғатты астаң-кестең жасауы лезде-ақ.

Мәселен, қатты жауын-шашын салдарынан Алматы облысының үш елдімекеніне қыстың көзі қырауда Ескелді және Көксу аудандарының Ешкіөлмес, Алдербергенов, Талапты ауылдарында жеке тұрғын үйлерді тасқын су басты. Елдімекендердегі 40-тай үйдің аула маңыннан төтеншеліктер 10 адамды эвакуациялап, оларды орта мектепке орналастырды. Сондай-ақ, су басқан ауылдарды мотопомпалардың көмегімен суларын сорып, ТЖД-да жедел штаб құрылды. Аула маңындағы арықтарды тереңдетіп, үйінді бөгеттер салып, еріген суды бұру шаралары жүзеге асырылды. Осы төтенше оқиғаларға 67 қызметкер, 15 дана техника, 18 мотопомпа, жергілікті атқарушы органдардан 28 қызметкер, 5 техника және 5 бірлік мотопомпа, АПБ 7 қызметкер 3 бірілік техника тартылды. Мұнда да құдай сақтап, малжан аман қалды. «Құдай да сақтанғанды сақтайды» деген тәмсіл жиі айтылады. Табиғаттың бір жылып, бір суытуы жайбарақаттылықты көтермейді. Бұл әсіресе Алматы облысы үшін үлкен сабақ болуы тиіс. Өйткені, Қызылағаштағы плотинаға толған су ернеуінен асып күш бермей, білдей бір ауылды адамдарымен қоса тасқын су шайып кеткен-ді. Ескелді мен Көксу аудандарындағы орын алған су басу қаупі облыстың кез-келген аймағында болуы бек мүмкін. Таулы өңірлердегі қалың түскен қар күн жылынса күрт еріп, тасқынға ұласса, ел-жұрт ұлардай шулап қалмас үшін Төтенше Жағдайлар Департаменті ескерткен ескертпелерді жергілікті билік өкілдері назардан шығармауы тиіс. Су тасқынынан кейін ауа-райы құбылып, екі күн қар жапалақтап қайтадан жер бетін ақ мамыққа орады. Көктайғаққа ұласты. «Алматы – Өскемен» республикалық маңызы бар автожолының 558-ден 615-ке дейінгі шақырымында (Үшарал қаласы-ШҚО шекарасы) қоғамдық және жүк көліктері үшін қозғалыс уақытша шектелді. 10 ақпанда ауа райы суытып, республикалық маңызы бар «Алматы - Шелек - Хоргос» (Арман елдімекенінен Алтынкөл елдімекеніне дейін) автожолында барлық автокөлік түрлері үшін қозғалыс жабылды. Бұл ескертулерге бейбіт тұрғындар қаншалықты мән беріп жүр. Міне, басты дабыл осында. Апатқа тек қана жергілікті билік өкілдері мен күштік құрылымдар, төтенше жағдайлар департаменті ғана жауапты дегендер қатты қателеседі. Апат айтып келмейді. Мейлі жер сілкінісі немесе қар көшкіні, не тасқын су болсын бұлардың бәрі тілсіз жау. Сондықтан, жеке тұрғын үйлердегі тұрғындарда күн көзі жылт етіп жылынса, аулаларындағы арықтардың көзін ашып, тереңдетіп қазып, сақтық шараларын жасауы тиіс. Әрі, аула маңында қыс бойы жиылған қарды аулаққа шығарып, тазалық шараларына қазірден қам жасаулары керек-ақ. Көзді ашып-жұмғанша күллі мұсылман қауымы тойлайтын әз наурыз, көктем келе жатыр. Күннің көзі жылынып, тіршіліктен хабар беріп тұрған табиғат ананың түрленетін уақыты таяу. Түрлі індеттің де өршитін кезеңі осы мезгіл. «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін» кезеңінде әлем болып күресіп жатқан тажалдың құрығында тұрған адамзат баласы, табиғат тажалына тап болмасын деп тілеу тілейік. Тосын оқиға, апаттар болмасын десек, жергілікті билік өкілдері де қазірден бастап елдімекендердегі ауыл тұрғындарының жарғақ құлағын жастыққа тигізбеу керек. Қырағылық танытып, қауіпті аймақтарды шолып, тиісті мекемелер алдын алу шараларын қамдауы тиіс. Әйтпесе, айтпай келген аппаттың себепсалдарымен күресу – қыруар қаржыны шашып, арты орны толмас өкініштерге ұласуы әбден мүмкін. Қар көшкіні көңілге қарамайды. Тасқын су сабырлықты көтермейді. Сақ болайық, ағайын!

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛДЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

Жамбыл және Арқа ақындары

Тегеуірінді жырау, текті ақынның ел ішіндегі шығармашылық байланыстары туралы айтылғанда, ең алдымен қаперге алынатыны оның Жетісу ақындарымен достаран, өнер адамы ретінде тығыз араласқандығы.

Туып-өскен өлкесі Жетісу өңірі болғандықтан да, Жамбылдың көбірек қарым-қатынас жасағаны өзінің жерлестері болып келуі табиғи нәрсе. Ал оның басқа өңірдің сөз шеберлерімен байланысы болды ма, жоқ па, деген мәселе арнайы ауызға алына бермейді. Тіпті Жамбылдың Жетісудан өзге өлкелердегі өнерпаздармен шығармашылық әрі тұрмыстық деңгейдегі аралас-құраластығы жөнінде соңғы жылдары тіпті ескерілмей бара жатыр.

Осы тұрғыдан келгенде, оның Арқадан шыққан сөз өнері шеберлерімен байланысы арнайы зерттеуді қажет ететін сияқты. Бұл жолғы біздің мақсатымыз – тілге тиек бола бермейтін осы мәселеге қысқаша ғана шолу жасап өту.

Жәкеңнің Арқа ақындарымен алғашқы жанасуы атақты Шәжемен кездесуі десек, өмір шындығынан алыс кетпейтін сияқтымыз. Кезінде өз елінде атағы шыққан ауызша поэзияның бұл өкілі – Жамбылға мүмкіндігінше ықпалын тигізген айтыс ақындарының бірі.

Алыстан дыбысы естіліп жататын бұл кісінің Жетісу өлкесіне келгенін естіп, Жамбыл сәлем беру үшін арнайы өзі іздеп барады да, біраз уақыт жанында ілесіп жүреді. Жамбылдан көп жас үлкен Шәже бір жағы көзінен кемтарлық көрген жан. Осындай адамның айытскерлігі Жас Жамбыл үшін бір жағы қызық та болып көрінген тәрізді.

Сөйтіп осындай сапарлас болған кездерінде Жамбыл Арқаның бұл атақты ақынының Кемпірбаймен айтысын үйреніп алыпты. Сөйтіп кейіннен жүрген жерінде сол айтыстың үзінділерін айтып, сөзқұмар жұртшылықтың құлағын қандырып отырады екен. Шәженің адам ретіндегі қызық мінездерін де қалт жібермейді. Оның өлең айту барысында кейде тұтығып қалатын әдеті, ойланған сәттегі көз құбылысы, домбыра қағысы назар аударатындай өзгеше көрінеді. Ақынның осындай ерекшеліктерін өзінше қайталап, жас Жамбыл бір жағы тыңдаушыларын күлдіре жүргенге ұқсайды.

Ел аузындағы кейбір әңгімелер осы сапарлар кезінде Жамбыл Шәжеге еріп, қырғыз еліне барып қайтқан деген де әңгіме бар.

«Ай қасында туады шолпан жұлдыз,
Айдың көлде ойнайды қамшат, құндыз.
Өз атасын жасырған мүрдет деген
Етім қазақ болғанда, түбім қырғыз»

деп, өлеңдеткеніне қарағанда, Шәженің арқаға ауған қырғыз ұлтының тұқымынан болуы әбден ықтимал нәрсе.

Жас кезінде ептеп сал-серілік құрып аты шыққан Шашубай ақынмен Жамбылдың кездесуінің өзі бір жосын. Бұл ұшырасу әдеттегідей бір қалыпты жайбарақат өтпеген. Қазақтың жершілдігіне, рушылдығына тән драмалық сипаттар да орын алыпты.

Сол уақыттарда Жәкеңнің өлеңге сирек барып, бір тоқталып жүрген кездері екен дейді.

Шашубай Жетісу жеріне қарай қысқы уақыттарда сапар шегіпті. Сонда ол қатып жатқан Балқаш теңізінің үстімен мұз арқылы өткен көрінеді. Содан Шу, Іле өзендерін бойлап, елді аралай жүріп, бір уақыттарда Алматыға (ол кезде Верный) да бас тірейді. Бұл қаладағы қазақ байларының ішінде түбі сол Арқа жақтан қоныс аударған Байбұлан, Баймолда дегендер болады екен. Олардан басқа атаққа шыққан қазақ заңгері Барлыбек Сыртлановты (бір жазбаларда «Сырттанов») да тауып алады. Шашубайдың сөйтіп үлкен шаһарда көбірек үйір болғаны осы кісілері көрінеді.

Сырнайын соза тартып, құлақтарды еленденткен ақ шалбарлы, ақ кемзалды, қара тақиялы келісті жігіттің маңына қалалық қазақтар үйіріле қалады. Оның үстіне Орталық Қазақстанның ән мектебінің өкілі ретінде Шашубайдың шырқап салатын ән әуені де, бұл жақта айтыла бермейтін жыр мақамы да бөлек. Жетісу елін аузына қаратқан ол:

Қызылжар, Қарқаралыдан келіп жүрмін,
Елдерін Ұлы жүздің көріп жүрмін,
Аузымда өлең деген мәлегім бар,
Әркімде сөйлеп-сөйлеп беріп жүрмін, -

деп, тоқсан толқытып, әнін Алатау шоқтығынан асырады.

Ол осылайша өз елінен шыққан қала байларын көтере мақтай отырып, жетісулықтарды ептеп жерге қаратқандай болыпты. Осы оқиғаны еске ала келіп: «ҚалыңҰлы жүздің ішінде бірлі-жарым ауысып кеп қатарға ілінген арғынды мақтау Ұлы жүз адамдарының намысына тиеді. Олардың намысына тиген сайын, өзімшіл бай, мақтан құмар шенеуніктер Шашубайға өздерін көтермелете түседі. Сол кездегі Ұлы жүз елінің, оның ішінде Шапырашты, Дулаттың Бақия, Барлыбек тұстас кісілікті жігіттері; Байбұлан, Баймолда теңдес бай саудагерлері арғыннан келген ақынға қарсы айтыстыратын ақын іздеп, сөз есесін қайтарып арғынның аптыққан бай, асқақтаған қара таяғына (оқығандарына) өздерінше қыр көрсетпекші болады» дейді С.Бегалин.

Осы жағдай құлақтарына тиіп, намыстанған Ұлы жүз адамдары бұл кезде атаққа шығып жүрген Жамбылды Алматыға

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛДЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

алдырады. Сондағы ойлары – шалқи шапшыған Шашубайдың айтқан сөздеріне өздерінің арқалы ақындарын қарсы қоймақ екен.

Заты Арғын болып келетін Байбұлан бай: «Тамаша менің үйімде болсын» деп ұсыныс жасайды.

Өзі де ерекше киінген сымбатты жігіт сырнайын соза тартып құбылтқан кезде үйдің іші ереше сәнге, шалқыған әнге толып тұрады. Бұл көріністің өзі-ақ тамашалаушыларға ерекше әсер етсе керек.

Сол замандардағы Шапыраштының болысы Мәңке бірге ілесе келген екен, сол ақыры шыдай алмай: «Жамбыл-ау, мыңа арғын бізді өлтірді ғой, енді қашан» дегенде, Жамбыл: «Айта түссін, айтқанымен қайда барар дейсің» деп, шайын ішіп отыра беріпті дейді.

Арқаланып алған Шашубай тоқтамастан, сырнайын кере сарнатып отырып, біраз жерге барып қалса керек.

Жамбыл шайын ішіп болып, домбырасын алып, кие жөнелді:

«Шашубай, сен бір Арқадан қашып келген жалаң аяқ,
Жел сөзді не қылайын сенен аяп.
Тіліңді аңдап айт та, байқап сөйле,
Тимей ме, бүйте берсең, саған таяқ.
Шашужан, сен Көкшетау, Қызылжардан келіп жүрсің,
Дидарын жақсылардың көріп жүрсің»

деп келіп, Байбұланның қалай байып кеткенін мысқылмен жырына қосады. Сөйтсе бұл үйдің иесі саудамен әлденіп алған пысықтардың бірі болса керек. Ол замандарда айтыскерлердің бір біріне сөзден жеңіліп қалмау үшін бір біріне батыра тисуі, кейде тіпті дөрекі сөздерді де айтып жіберуі аса оғаштық болып саналмаған. Бұған көптеген айтыстардағы жеке басқа тисе қағыта айтылатын мысалдар куә.

Жамбылдың ұтымды, дәлелді сөздеріне тоқтай қоймаған Шашубай тіпті арындап, арқаланып алады. Енді оның соқтығып, тілге тиек еткені – Шапраштының ілесе келген кісілері:

«Бір көзі Самижанның қисық екен,
Байбатшаң Мәңкеменен пұшық екен.
Болғанда бірің ойқы, бірің шойқы,
Бәрін де бап келісіп отыр екен»

деп таза мазақтауға көшкен сыңай танытады.

Өз кезегі тигенде Жамбыл қонақтар мен байлардың арақ-шарап ішкенін тілге тиек қылып, «Бүйте берсеңдер, тозаққа бір-ақ барасыңдар» деген сыңайда батыра айтып жібереді.

Осыны естіген кезде өзі де ішімдік ішіп қызып отырса керек, орысша киінген бір жігіт Жамбылға қарай тұра жүгіріп, жұрт арашалағанша қол жұмсап жіберіпті. Сонан Мәңке болыс бастаған қонақтар арашаға түсіп, үйдің іші тұра шарт та шұрт төбелес болып кетеді. Жұртшылық қызықтап отырған әжептәуір айтыстың да берекесі қашады. Амал жоқ, үй иелері Шашубайды басқа үйге ауыстырып, айқай-шуды тоқтатқандай болады.

«Ер шекіспей, бекіспейді» деген емес пе, ақыр соңында Жамбыл мен Шашубай артынша достасып, өте жақын болып кеткен көрінеді. Жастарының айырмашылығы да бөгет бола алмаған. Жамбыл Шашубайдан жиырма жастай үлкен болса керек. Арқаның бұл ақынынан ол Шортанбай, Дулаттың жырларын үйреніп, жаттап алған.

Бірақ шарапқа қызып алып, одыраңдаған ұр да жық жігіттің тамам жұрттың көзінше жұдырық жұмсап, сүйекке таңба түсіруі оңайшылықпен ұмтыла қоятын жағдай емес. Сол сорақылыққа куә болған Ұлы жүз адамдарының, солардың ішінде Жамбылдың да арғындар туралы теріс көзқараста қалуы заңды еді.

...Бір жылдары Арқа елінен «Балуан Шолақ» атанып кеткен атақты өнерпаз Нұрмағамбет келіпті деген хабар дүңк ете қалады. Ол кісі Сарыүйсін Қали байдың үйінде қонақ болып жатқан көрінеді. Бұл жөнінде С.Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінде қызықты баяндалған. Қалидың өзі де аса зор күштің иесі болыпты. Үйіне келген кісіні, әсіресе бір кісілік күші бар кісіне көргенде, екі қолының ұшымен қақпақыл тасша біресе ол жағына, біресе бұл жағына қойып, ойнатады екен дейді.

Өзі әнші, өзі балуан осындай ерекше тұлғалы адамды көруге кім қызықпасын. Жамбыл да үйінде жата алмай, арнайы келіп кездескен. Жанына атақты Мақыш балуанды, Сәдібек деген ақынды ертіп алады да, Қали байдың отырған қонысы Топар бойына қарай жолға шығады.

Жамбыл сол жолы Балуан Шолақтың өнерін тамашалап, бірер күн айналсоқтап, қасынан кете алмапты.. Өнеріне сүйсініп, тәнті болған қызықтаушылар өнерпаздың әніне қанып, бойын кернеген күшінің де қандай екендігіне көз жеткізеді. Өз көзімен

қырғыз, қазақтың сан батыр балуанын, солардың ішінде Кенесарының Сыздығын да көрген Жамбылға Балуан шолақ тіпті әсер еткен деседі.

Балуан Шолақтың сонымен бірге өз басынан кешкен әңгімелерді де жыр қылып айтып, жұртты аузына қаратса керек. Сонда оларға ерекше әсер еткен – Балуан Шолақтың орыс отаршылдарына қорықпай қарсы шығып, жасаған ерліктері екендігі сөзсіз.

1930 жылдың көктемінде Қазақстанның құрылғанына 10 жыл толуына байланысты мерекелі жиын өтті. Осы мерекеге қатысқан Кенен Әзірбаев той өткен күннің ертеңіне Сәкен Сейфуллиннің Жамбылды үйіне шақығанын жырдай қылып айтады екен. Оны Жәкең өзі бірге ертіп барыпты. Сол бір эпизодты Кенен былайша әңгімелеп берген екен:

«Сәлемдесіп, қалжыңдасып, хал-жай сұрасып алған соң Сәкен маған қарап:

– Кешегі той үстінде айтқаның құлағыма жағып барады. Соны тағы бір шырқашы? – деді. Мен шай алдында «Қазақстан» деген сол тойға арнап айтқан әнімді шырқадым. Ас-су ішіп болған соң Сәкен Жамбылдан жай сұрады. Жамбыл домбырасын шерте отырып сөз бастады. Біз тыңдай қалдық:

Шіркін, кәрілік келдің ғой кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен.
Мінекей деп қолымен ұрмаса да,
Ұрғандай ғып кетеді сөзіменен...»

Мен бұл сөзді тани кеттім. Ішімнен «Сүйінбай ғой» деп отырмын. Жәкең: «Жиырмада желдей болдым, отызымда белдей болдым, елуімде түбім терең құрақты көлдей болдым» деп шұбырта жөңелді... Ал Сәкен болса қаламын сусылдатып жазып отыр. Жәкең жырын тоқсанға тіреп тоқтады. Сәкенге қарап: «Сүйінбай айтқан екен, міне, біз де сондай болдық бүгінде» деп, Жәкең салалы сақалын сипап қойды. Шай ішті, Жәкең домбырасының құлағын қайта бұрады. Бұл жолғы дауысы көтеріңкілеу шықты. Иә, сонда ұстазым «Жабай батырды» былай жырлаған еді:

Он сан ноғай бүлгенде,
Ормамбет хан өлгенде,
Қырық жылдай атысқан,
Қызыл қанға батысқан.
Найзаменен соғысқан,
Қылышпенен шабысқан,
Айбалтамен қағысқан...
Ноғайдан шыққан Жабайды,
Бес мың кісі қамайды,
Жабай алды найзаны,
Істеді талай айланы...

Жәкең осылайша сілтей берді, сілтей берді. Сәкен де жазғыш-ақ екен, қағаздың біраз бетін аударып тастады. Менің жанымда отырған Сәкеннің інісі Мәжит те «өзі ересен батыр екен-ау» деп қояды».

Кенен Әзірбаев естелігінің осы үзіндісінен-ақ Оның Жамбылға деген ықыласын,

Сәкен Сейфуллин мен Жамбылдың бір біріне деген ықыласын, сыйластық сезімін осы көріністен-ақ анық тануға боларлық. Бәрімізге белгілі, қазақ әдебиетінің алыптарының бірі әрі атақты қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин – Арқаның Жаңарқа жағының тумасы.

1934 жылдың көктемінде Ораз Жандосов Жамбылды ауылынан Алматыдағы үйіне алып келіп қонақ қылыпты. Сонымен бірге республиканың әр түпкірінен келген халық ақындары да шақырса керек. Атап айтқанда, Қарағанды облысынан Доскей Әлімбаев, Ақтөбе облысынан Нұрпейіс Байғанин, Қостанай облысынан Орынбай Таймановтар Жандосов дастарқанынан дәм татыпты. Олар құттықтауларын өз жандарынан шығарып, өлеңмен жеткізеді.

Бұл кезде аты енді шыға бастаған жас ақын Қасым Аманжолов «Жамбыл тойына» деп аталатын поэмасынан үзінді оқыған екен.

1938 жылы Жәкең шығармашылығының 75 жылдығы тойланып, оған жан-жақтан ақындар ағылып келеді. Солардың ішінде Шашубай Қошқарбайұлы да болған. Көптен кездеспеген ақындар шұрқыраса табысып, қалжың да қағыстырады. Ақын Мәриям Хакімжанованың айтуынша, бір әредікте Жәкең:

«Шашубай! Қазір баяғыдай төбеңмен жүре аласың ба?» деп сұрапты. Шашубай тек әнші, ақын, жыршы, композитор ғана емес, цирк шеберіне тән өнерлерді де көрсете алатын болған. Төбе құйқасын жыбырлатып, маңдайына дейін әкеле алады екен.

«Төбеммен жүру қазір қиындау. Бірақ тік тұрып көруге болады» деген Шашубай Жәкеңнің өтінішін жерде қалдырмай, анадайдан жүгіріп келіп, Жәкеңнің алдында төбесімен тік тұра қалыпты. «Одан кейін құрықпен де өнер көрсеткеніне куә болдық» дейді Мәриям апамыз.

Сол уақыттарда Шашубай 73 жаста екен.

Солтүстік Қазақстан облысының тумасы, Сәбит Мұқановтың жерлесі әрі құрдасы ақын Жақан Сыздықов өз естелігінде: «1938 жыл. Апрель, май, июнь айлары, – деп еске алады. – Мен Москва қаласындамын. Бұл жолғы сапарымның мақсаты – Жәкеңнің өлеңдер жинағын бастыру еді. Ақынның жинағын бастыру, әрі редакторлық міндетін атқарып, мезгілінде қадағалап шығару маған жүктелген болатын-ды. Бұл кітапты қалай да болса, Жәкеңнің әдеби еңбегіне 75 жыл толған тойына үлгіру керек болды. Уақыт тығыз. Жұмыс қауырт. Күн сайын Алматыдан:

– Жақан-ау, кітапты қашан үлгіртесің? Қашан басылады? Тойға үлгіресің бе? Тез бітіру керек! – деген телефон сылдыры, асығыс телеграммалар үсті-үстіне соғылады» дейді. Осылайша Жамбыл шығармашылығының 75 жылдығына арналған кітапты шығарамын деп жүріп, Жақан Сыздықов Алматыдағы тойға қатыса алмай қалыпты. Москвада басылып шыққан кітабын Жамбылдың өзіне қалай көрсеткенін қызықты қылып әңгімелеп береді.

– Сөйтіп елге келгеннен кейін кешігіп болса да, кітаптың он данасын автордың өзіне кеп береді. Кітапқа Жамбылдың 70 өлеңі кірген екен, бетінің саны 228 болыпты. Жәкең тіпті кітаптың бағасын да сұрап алып, Жақанның өзіне «Мынандай өлеңдерімді оқып берші» деп тексерген де көрінеді. Сөйтіп кітабы үшін біраз әуреге түсіп, еңбек сіңірген жігітті қонақ қылып, көңілін көтеріп жіберген.

Міне, Жәкеңнің Арқаның айтыскер әрі жазба ақындарымен қарым-қатынасына байланысты жекелеген мәліметтер осындай. Бұл тақырыпты ары қарай індете түскен жағдайда басқа да назар аударарлық мәліметтердің шығып қалуы әбден ықтимал.

Нұрдәулет АҚЫШ,
жазушы, филология
ғылымдарының докторы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ПОДПИСАНЫ СОГЛАШЕНИЯ О ВЗАИМОДЕЙСТВИИ ЕНПФ С УПОЛНОМОЧЕННЫМИ ОПЕРАТОРАМИ

Законодательством предусмотрено, что для получения единовременных пенсионных выплат из ЕНПФ вцелях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения вкладчики обращаются к уполномоченным операторам, определенным Правительством Республики Казахстан, с заполнением электронных заявлений на интернет-ресурсе уполномоченного оператора.

В своем заявлении вкладчик указываетцели использования единовременных пенсионных выплат и доступную сумму, направляемую на целевое использование. Уполномоченный оператор рассматривает и принимает решения об одобрении заявлений вкладчиков, взаимодействует с ЕНПФ по переводу единовременных пенсионных выплат из ЕНПФ на специальные счета вкладчиков, открытые у уполномоченного оператора, осуществляет мониторинг за целевым использованием единовременных пенсионных выплат.

Взаимодействие между ЕНПФ и уполномоченными операторами осуществляется посредством электронного обмена информацией и на основе соответствующих соглашений о взаимодействии.

В настоящее время ЕНПФ заключены соглашения о взаимодействии с АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана»,АО «AltynBank», АО «Банк ЦентрКредит».

Соглашение определяет порядок информационного взаимодействия и обмена информацией между уполномоченным оператором и ЕНПФ по вопросам учета, перевода и возврата единовременных пенсионных выплат, а также обязанности и ответственность каждой из сторон соглашения, включая условия и обязательства по сохранению конфиденциальности информации.

Интеграция информационных систем ЕНПФ и уполномоченных операторов осуществляется посредством интеграционного сервиса на веб-портале «электронного правительства».

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

ЗА НЕДЕЛЮ В ЕНПФ ПОСТУПИЛО СВЫШЕ 60 ТЫСЯЧ ЗАЯВЛЕНИЙ ОТ УПОЛНОМОЧЕННЫХ ОПЕРАТОРОВ ДЛЯ ДОСРОЧНЫХ ЦЕЛЕВЫХ ВЫПЛАТ

Единый накопительный пенсионный фонд, закрыв операционный день 1 февраля 2021 года,за восемь дней принял от уполномоченных операторов 60 079заявлений вкладчиков на осуществление досрочных выплат для целевого использования.

– Онымен өзім сөйлесемін, жүр.- деді де ауысу туралы қағазды алып, Қасекеңе келдік.

Сөйтіп, Нұрекең алда, мен артында бас редакторымның кабинетіне кірдік. Қасекең – бүкіл телерадиоға белгілі сыйлы адам әрі «қызық» адам еді. (Әдетте, шығармашылық адамдардың бәрі «қызық» адам ғой). Нұрекең амандасқан соң қағаздарын көрсетіп:

– Қасеке, мына балаңызды маған берсеңіз.

Қасекеңе қараймын оқып жатты да, ештеңе айтқан жоқ, қағазды екі бүктеп, жыртып қоқысқа лақтырып жіберді. Сөйтті де, бір жұмысын жалғастыра берді. Нұрекең ымдады да, «шығайық» деді.

Күлді де:

– Мен Қасекеңді жасқы білемін. Ол сондай адам. Енді тағы бір реті болар. Бірақ, мен сені эфирге тарта беремін.

Нұрекең «Алатау» арнасына бас редактор болғанда «Айна» атты жаңалықтар бағдарламасына жүргізуші етіп алды. Теледидардың қыр-сырын үйретті. Мен ақыры Ұлттық арнаға келгенде ақылшы аға болды. Қазіргі «Хабар» агенттігінің бастауына да бірге болдық. Нұрекең қай хабар болса да өте шығармашылықпен қарайтын. Түсірілімде де, монтаж кезінде әр планды, детальды ойнатып жіберетін. Туа бітті телевизонщик еді. Режиссураны да әбден меңгерген.

2006 жылы Маңғыстау телеарнасының директоры едім. Сәуірдің аяғы болатын, Нұрекең «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқармасының төрағасы болып тағайындылыпты. Сол мезетте Астанда БАҚ басшыларының жиыны болатын болып, мен Ақтаудан баруға билет алып қойғанмын. Екі күндік жиналыс өткелі жатқанда Алматыдан қоңырау шалынды: «Сіз жиналыстан соң Алматыға келіп кетіңіз, Төраға сұрап жатыр», - дейді хатшы қыз. Ол кезде корпорация басшылығы – осы қалада болатын. Сөйтіп, билетімді ауыстырып, оңтүстік қалаға ұшып келдім.

Кіріп, амандасқан соң, Нұрекең сөзге келтірместен:

– Міне, қағаз. Өтініш жаз: менің теледидар жөніндегі орынбасарым боласың. Қазір Жүкең (Жүрсін Ерман) келеді. Ол радио жөніндегі орынбасар болады, - деді.

– Нұреке... Ақтауда біраз ойларым бар еді, оның үстінде жақында ғана облыстық мәслихатқа депутат болып сайланып едім.

– Иманбай, қазір жағдай өте қиын болып тұр. Жүз адам кетіп қалды.

Эфирге қауіп төніп тұр. Қырекеңмен де (Облыс әкімі Қ. Көшербаев) сөйлесіп, түсіндеремін.

Сонымен, мен өтініш жазып, екі сағаттан соң мені ұжымға таныстырды.

Нұрекең кейін зейнетке шықса да көп жобаларды шығарды. Ол бір сөзінде ойын айтқан еді: «Бір хабар шығарсам, оның атын «Нұр-Тілеу» деп қойғым келеді. Бұл менің қырық жылдық эфирлік өтілімнің нүктесі болар...». Алайда, ол аса орындалмай жатты. Осыдан екі жылдай бұрын корпорация басшылығына Ләззат Танысбай келіп, Нұрекеңнің арманын орындады. Бүгінде «Нұр-Тілеу» жобасы эфирге шығып жатыр еді.

Нұтілеу Иманғалиұлы – Қазақ теледидары тарихында жарты ғасыр эфир жүрзіген құбылыс – аңыз адам. Мәтр. Басшы. Мықты тележурналист. Ұстаз.

Жаныңыз жаннатта болсын, Ұстаз!

Иманбай ЖҰБАЙ,
шәкірті, тележурналист.

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНЕ КЕЛУІМЕ СЕБЕПШІ БОЛДЫ

Нұртілеу ағамыз Қазақ телевизиясына 1978 жылы КазГУ-ды бітіргеннен кейін орналасқан екен. Әу баста ол жастар бағдарламасын қолға алды. Оны көпшілік көрермен жақсы біледі. Ал мен 1980 жылы телевизияға келдім. Қарағанды облысы телевизиясынан ауысып, Қазақ телевизиясына 1984 жылы келген едім. Сол жылдары спорттық репортаж жүргіздім. Нұртілеу аға бір күні келіп мені арнайы құттықтады. «Кешегі репортажды жүргізген сенсің бе? Керемет! Болашағың зор екен, құтты болсын! Ізденіс керек. Талабың таудай болсын!» деп алғашқы бата бергендердің бірі еді. Ол кезде Нұр ағамыз «Жастар хабарлары» редакциясының бас редакторы болатын. Содан 1984 жылдан бастап бірге еңбек еттік. Ол кісі шығармашылығыма қатысты бағасын, кемшіліктерін айтып, қашан да ұстаздық тәлім-тәрбиесін аяған жоқ. Уақыт өте келе әріптес аға-іні ретінде араласып кеттік.

Нұртілеу Иманғалиұлының менің өмірімде алар орны ерекше. Тіпті, басқасын айтпағанда, 2006 жылы «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы болған кезде, мен Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметін басқарған едім. Сол кезде маған арнайы қоңырау шалып: «Мейрам, сен қазақ телевидениесіне әлі де керексің. Мен саған өзіңнің қалаған қызметіңді берейін. Сен қайтадан оралсаңшы қара шаңыраққа. Сен сияқты тәжірибесі мол азаматтар керек», – деген еді. Ол кісінің сөзін қабыл алып, келдім. Бірнеше қызметтер ұсынды. Сол сәтте Алматы облысының тілшілер қосыны ашылайын деп жатқан. Соған жетекшілік етуге келістім. Міне, 2006 жылдан бастап менің Жетісу өңіріне келуіме бірдебір себепші болған азамат осы Нұртілеу Иманғалиұлы болатын. Мені Алматы облысына Қазақ теливизиясының меншікті тілшісі етіп бекітті.

Нұртілеу ағамыздың көптеген хабарларын еске алып мақтан етіп айта аламыз. Ұстаздық етіп, білгенін аяған жоқ. Ол кісінің шәкірті жалғыз мен ғана емеспін. Шәкірттері республиканың барлық жерінде еңбек етіп жатыр. Олардың біршамасы бүгінгі қайғылы хабарды естіп, жүректері қан жылап жатқаны анық. Бәрі әлеуметтік желі арқылы оның жанұясына, туған-туыстарына көңіл айтуда. Мен де Нұртілеу Иманғалиұлының отбасына, жақындарына қайғырып көңіл айтамын. Жаны жанатта болсын!

Мейрам ЖАНӘДІЛОВ,
Қазақ телевизиясының ардагері,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

ЖҮРЕГІ НҰР, ТІЛЕУІ АҚ БАУЫРЫМ-АЙ...

Осы айдың 17-і күні ертеңгі уақытта Нұртілеу Иманғалиұлының қазасы туралы хабар жеткенде телефонға да, хабаршыға да, өз құлағыма да сенбей жаным ауырды. Тек аузыма: «Қарағым, не деп тұрсың? Кімсің өзің?» деген екенмін. Қолыма қалам алдым, айтарымды айтуым керек.

Мен Нұртілеуді баяғыдан, мектеп қабырғасында білім соңында жүрген кезінен білемін. Оқуда озат, спортта үздік жеткіншек волейбол, баскетбол, соңғы жылдарда бокспен шұғылданды. Нәтижесінде Ақсу ауданы Діңгек ауылындағы Кеңес Одағының батыры Нұрсұлтан Есболатов атындағы орта мектептің оқушысы Нұртілеу Иманғалиұлының табыстары арта түсті. Оның қазақ тілі мен әдебиеті пәніне сүйіспеншілігі де айқын көрінетін. Мақалалары, шағын өлеңдері Ақсу аудандық «Өмір нұры» (қазіргі «Ақсу өңірі») газетінде жарияланып тұрды. Нұртілеу інішектің журналистикаға құштарлығы осылай басталды.

Бірде бозбала Нұртілеу редакцияға өлеңдерін алып келгенде:

– Аға, сіздей журналист болам, - деді. Сонда оған:

– Бізден биік, бізден тұғырлы болуыңды тілеймін, - дегенмін.

Ақиқатында Нұртілеу Иманғалиұлы елімізге танымал, әріптестеріне үлгі, досжарандарына сыйлы қаламгер дәрежесіне жетті. Маңдайы жарқырады, шабыт бұлағы сарқырады, жұлдызы жанды. Абыройы асқақтады, тамаша қаламгер атағына лайықты болды.

Нұртілеу қаламдасыма «Ақсу ауданының құрметті азаматы», «Қазақ журналистикасының қайраткері» атақтары берілгенде оны құттықтадым. Осы жерде ол мені айқара құшақтап, «Осынау мәртебелі атақ екеумізге бір күні берілгені қандай сәттілік» дегені бар. Әттең-ай, алып тұлға, еңселі ер, қаламы ұшқыр әріптестен қалай көз жазып қалдық. Бұл қазаға жалғыз мен емес, Ақсу өңірі де, Жетісу жері де, байтақ еліміз де күйзеліп жатқаны анық.

Топырағы торқа, жаның жәннатта болсын, жүрегі Нұр, тілеуі ақ бауырым! Сені ешқашан ұмытпаймыз.

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ,
Ақсу ауданының құрметті азаматы,
Қазақ журналистикасының қайраткері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ИДУТ ОБШИРНЫЕ ПРОЦЕССЫ МОДЕРНИЗАЦИИ

В отечественной судебной системе активно идут обширные процессы модернизации. Во-первых, произошли институциональные изменения, связанные с реализацией Плана нации «100 конкретных шагов». Во-вторых, казахстанская судебная система внедрила в свою работу более современные и открытые форматы взаимодействия с обществом. Речь идет о 100-процентном электронном суде. Во всех судах Республики Казахстан заработала новая автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Развитие информационных систем на этом не останавливается, так, в информационно-аналитической системе судебных органов «Төрелік» реализован механизм, согласно которому по вступлению судебного акта в законную силу по делам об административном правонарушении судья в ИАС СО «Төрелік» повторно подписывает постановление, которое в автоматическом режиме направляется в страховую компанию в электронном виде с отметкой о вступлении в законную силу.

Следует отметить, что на сегодняшний день в Судебном кабинете успешно функционирует сервис по направлению в суды дел об административных правонарушениях органами, уполномоченными возбуждать административные дела, все протоколы об административных правонарушениях и дела поступают в электронном виде в специализированные административные суды и в суды, рассматривающие административные дела.

Автоматизирован документооборот между судами и органами исполнительного производства (государственные судебные исполнители, частные судебные исполнители). Введенв эксплуатацию функционал по приему из судов исполнительных документов в электронном формате и электронному санкционированию судами постановлений судебных исполнителей по всей Республике.Исполнительные документы судами также направляются в электронном формате.

Развитие современных информационных технологий в процессе отправления правосудия стало приоритетным направлением в деятельности Верховного Суда. Эта работа направлена на достижение доступности, оперативности правосудия, максимальной прозрачности судопроизводства.

Вводимые новшества, связанные с применением информационных технологий в судебной системе Республики Казахстан, оказывают положительное влияние не только на оперативность всех процессов, но и на качество отправления правосудия. Это способствует в свою очередь росту доверия граждан к судебной системе и усилению конкурентоспособности Республики Казахстан на международной арене.

Айгуль КАЛЬПЕБАЕВА,
судья Талдыкорганского СМАС.

ВНЕДРЕНИЕ АУДИОВИДЕОФИКСАЦИИ

20 ШАГОМ ПЛАНА НАЦИИ «100 КОНКРЕТНЫХ ШАГОВ», ИНИЦИИРОВАННОГО ПРЕЗИДЕНТОМ СТРАНЫ Н.А.НАЗАРБАЕВЫМ ПРЕДУСМОТРЕНО ВВЕДЕНИЕ ОБЯЗАТЕЛЬНОЙ АУДИОВИДЕОФИКСАЦИИ ВСЕХ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ.

Целью оснащенности залов судебных заседаний системами аудиовидеофиксации во всех регионах страны, а также ведения аудиовидеозаписей судебных процессов является повышение общественного контроля гражданского общества за законностью отправления правосудия, беспристрастностью судей. Это в свою очередь позволит повысить степень доверия общества к национальной судебной системе.

Кроме этого, введение аудиовидеозаписи судебного заседания позволит сэкономить время на составление протокола заседания, время для снятия с него копий в целях ознакомления с ним участников процесса, а также снизит риск уничтожения бумажного документа. Кроме этого, аудиовидеофиксация позволит устранить многочисленные замечания, связанные с документированием судебного заседания.

Стоит отметить, что видеозапись, в отличие от традиционного протоколирования на бумаге, фиксирует не только слова, но и интонацию, а также реакцию всех участников судебного процесса, что позволяет более объективно, беспристрастно оценивать позиции всех участников процесса, избегая интерпретации и субъективных факторов. Таким образом, введение в судопроизводство аудиовидеофиксации позволит сделать судебный процесс более транспарентным.

Примечательно, что и судьи, и работники суда пришли к пониманию необходимости использования аудиовидеофиксации судебных процессов. Ведь это способствует повышению уровня открытости и транспарентности судебных процедур, что положительным образом отражается на имидже судебной системы Республики Казахстан.

Мерей ТОКТАГУЛОВА,
судья специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Алматинской области №1.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

БИЗНЕС ЖЕТЫСУ ПРИГЛАШАЮТ ЗАЯВИТЬ О СЕБЕ В КОНКУРСАХ

По сообщению пресс-службы РПП, Палата предпринимателей Алматинской области приглашает отечественных производителей и компаний принять участие в ежегодных республиканских конкурсах в области качества «Алтын сапа» и «Лучший товар Казахстана». Прием заявок стартует с 10 февраля.

Премия Президента РК «Алтын сапа» присуждается за достижение организацией значительных результатов в области качества продукции или услуг, обеспечение их безопасности, а также за внедрение организацией высокоэффективных методов управления качеством. Предприятия участвуют в трех категориях - субъекты малого, среднего и крупного предпринимательства - по четырем номинациям: «Лучшее предприятие производственного назначения»; «Лучшее предприятие, выпускающее товары для населения»; «Лучшее предприятие, оказывающее услуги»; «Лучшее предприятие, выпускающее продовольственные товары или сельскохозяйственную продукцию». Лауреаты получат денежное вознаграждение, а также право в течение четырех лет использовать эмблему конкурса «Алтын сапа» в рекламных целях. Начиная с 2015 года лауреатами премии «Алтын сапа» становились ТОО «Байсерке Агро», ТОО «Жаркентский крахмалопаточный завод», ТОО «ALUGAL», ТОО «Рыбпром», ТОО «КПК ZETA», ТОО «МАКС дорстройсервис-21» и другие.

Республиканский конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана» - проводится ежегодно с целью активизации деятельности физических и юридических лиц на повышение качества отечественной продукции и насыщению рынка Казахстана высококачественной и конкурентоспособной продукцией.

«Конкурс-выставка «Лучший товар Казахстана» проводится по трем номинациям: «Лучшие товары производственного назначения», «Лучшие товары для населения» и «Лучшие продовольственные товары». Сначала участники соревнуются на региональном уровне. По итогам этого этапа в каждой номинации выберут по три победителя, которые представят Алматинскую область на республиканском конкурсе в столице. В разные годы победителями данного конкурса ТОО «Рыбпром», ТОО «Алматинские краски», ТОО «DOLCE», ТОО «Шин Лайн», ТОО «Danone Berkut» и другие.

«Принять участие в этих конкурсах могут, как индивидуальные предприниматели, так и юридические лица, занимающиеся производством товаров, оказанием услуг (за исключением производства вооружений и военной техники) на территории Казахстана. Конкурсы качества призваны поддержать местных производителей, стимулировать на повышение качества выпускаемых ими товаров и предоставляемых услуг, а также продвигать отечественных брендов и в целом развитие производства в стране», - рассказала начальник отдела сопровождения проектов Палаты предпринимателей Алматинской области Дана Жамбулатова.

Подать заявку на участие в конкурсе «Алтын сапа» предприниматели Алматинской области могут в срок до 1 июля. Заявки принимаются в электронном виде на сайте: www.altynsapa.kz

Справочную информацию можно получить по телефону: +7 (7282) 401-498 (вн. 1615).

Также для консультаций потенциальных участников на сайте www.altynsapa.kz размещены видеоуроки о порядке проведения конкурсов и правилах оформления конкурсных материалов.

Ш. ХАМИТОВ.

НОВОСТИ

СТАРЫЕ ШТРАФЫ ПРОСТЯТ КАЗАХСТАНЦАМ

13 ФЕВРАЛЯ ВСТУПИЛ НОВЫЙ ЗАКОН, КОТОРЫЙ ПОЗВОЛИТ ВОДИТЕЛЯМ КАЗАХСТАНА НЕ ИМЕТЬ ПРИ СЕБЕ ВОДИТЕЛЬСКИЕ УДОСТОВЕРЕНИЯ И ТЕХПАСПОРТА, ПЕРЕДАЕТ ZAKON.KZ.

В полиции Нур-Султана объяснили, что закон, смягчающий или отменяющий административную ответственность имеет обратную силу, то есть распространяется на правонарушение, совершенное до введения этого закона в действие и в отношении которого постановление о наложении административного взыскания не исполнено. Соответственно все дела, возбужденные за отсутствие при себе указанных документов в случае если штраф правонарушителем до вступления в законную силу Закона не будет уплачен, подлежат прекращению.

Не подлежат исполнению такие дела и в принудительном порядке. При этом, прекращать такие дела следует только в случае поступления соответствующих заявлений от правонарушителей и по результатам проведенных по ним проверок, — разъяснили в ДП.

Поправки не распространяются в отношении автомашин с иностранными госномерами, а также лиц, получивших водительские удостоверения за пределами Казахстана. Для них предъявление водительского удостоверения и свидетельства о регистрации транспортного средства остается обязательным.

Кроме этого полицейские обратили внимание на важность наличия водителя в страховом полисе.

Если в страховом полисе отсутствует проверяемый водитель, то он привлекается по части 2-ой статьи 230 КоАП (штраф 10 МРП, 29 170 т.г), а автомобиль водворяется на штрафстоянку в соответствии со статьей 797 КоАП. С отменой обязанности иметь при себе свидетельства о регистрации транспортного средства, наличие записи в страховом полисе по факту является единственным подтверждением законности управления данным автомобилем, — сообщили в ДП.

Полицейские также напомнили, что новым законом разрешается не иметь при себе водительские права при наличии документа, удостоверяющего личность.

К таким документам относятся:

— паспорт, в том числе служебный, заграничный и дипломатический;.

— удостоверение личности;.

— вид на жительство иностранца;.

— свидетельство на возвращение, проездной документ, удостоверение лица без гражданства, беженца, моряка;.

— свидетельство о рождении;.

При этом, свидетельство о рождении является документом, удостоверяющим личность, до получения удостоверения личности, паспорта, удостоверения лица без гражданства либо заграничного паспорта (ст. 12).

Ш.БАТЫРОВ.

НАУРЫЗ НАМЕРЕНЫ ПРАЗДНОВАТЬ ДЕСЯТЬ ДНЕЙ

НАУРЫЗ В КАЗАХСТАНЕ НАМЕРЕНЫ ПРАЗДНОВАТЬ ДЕСЯТЬ ДНЕЙ ПО УТВЕРЖДЕННОЙ ПРАВИТЕЛЬСТВОМ КОНЦЕПЦИИ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Министерство культуры и спорта по поручению главы государства разработало и разместило на портале «Открытые НПА» проект постановления правительства «Об утверждении концепции празднования Наурызмейрамы».

По словам министра культуры и спорта Актоты Раимкуловой, целью разработки проекта является последовательное продвижение общих ценностей, идей, объединяющих народ Казахстана, которые должны прочно закрепиться в сознании всех граждан. Основная задача празднования Наурыз мейрамы — это укрепление общенационального согласия и казахстанского патриотизма, популяризации ценностей духовной модернизации. Принятие концепции позволит обогатить содержание праздника.

В проекте отмечается, что мероприятия, связанные с празднованием Наурыз мейрамы, планируют проводить 10 дней, с 14 по 23 марта. Механизмы реализации концепции будут следующими:

14 марта — «День приветствий» («Көрісу күні"); 15 марта — «День природы» («Жайлау күні"); 16 марта — «День памяти предков и благословений» («Шежіре күні"); 17 марта — «День истории» («Тарих қатағзым күні"); 18 марта — «День добрых дел» («Игі істер күні"); 19 марта — «День спорта и мастерства» («Шымырлық пен шеберлік күні"); 20 марта — «День мудрости и знаний» («Зияткерлік күні"); 21 марта — «День национальной кухни» («Ұлттық тағамдар күні"); 22 марта — «Ұлыстың ұлы күні"; 23 марта — «День почтения» («Жоралғы күні").

Также в концепции приводятся и задачи праздника:

возрождение традиций и обычаев казахского народа, направленных на укрепление общеказахстанских духовных ценностей, единства и согласия народа;.

укрепление института семьи посредством популяризации традиции заботы о родителях, общения с близкими и родственниками;.

сохранение гражданского мира, развитие социального партнерства и культуры благотворительности;.

развитие культуры межэтнических отношений, укрепление дружбы и доверия в обществе;.

осознание уникальности природы Казахстана и необходимости бережного отношения к природе, развитие экологической культуры и общественных инициатив по благоустройству территорий населенных пунктов.

Ш. БАТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕКПЕ-ЖЕК

ХАМИТОВ ЖЕКПЕ-ЖЕГІН ҚАЙДА ӨТКІЗЕДІ?

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК ФАЙТЕРІ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫ ҚУАТ ХАМИТОВ КЕЛЕСІ ЖЕКПЕ-ЖЕГІН КӨКТЕМДЕ ӨТКІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

Бұл туралы «Найман» өзінің Instagram-дағы парақшасында: «Келесі жекпе-жекті Қазақстанда Рамазанға дейін өткіземін!», - деп жазды.

Айта кетейік, биыл қасиетті Рамазан айы 14 сәуірде басталады.

Қуат Хамитовтың соңғы жекпе-жегі қаңтар айында Магнитогорск қаласында (Ресей) өтті. Онда ол 50 секунд ішінде ресейлік Максим Пантелеевті нокаутқа түсірген еді.

Сондай-ақ өткен айдың соңында Хамитов Алмалы аудандық соты дезинфекторларға қатысты зорлық-зомбылыққа шақырғаны үшін оның алты айға бас бостандығын шектеу туралы үкім шығарған. Сондықтан Хамитовке осы уақыт аралығында елден кетуге тыйым салынды.

IBF және IBO нұсқалары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкиннің промоутері Том Леффлер Fino Boxing-тің YouTube платформасындағы парақшасында қазақстандық боксшының шаршы алаңға қашан оралатынын мәлімдеді.

КЕЛЕСІ КЕЗДЕСУІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Леффердің айтуынша, Головкин келесі кездесуін маусым айында өткізуі мүмкін, алайда нақты қай күні өтетіні және кімге қарсы жұдырықтасатыны белгісіз.

Сондай-ақ, ол Головкиннің Сауль «Канело» Альвареспен үшінші мәрте жұдырықтасу үшін екінші орта салмақ дәрежесіне өтуі мүмкін екенін және тартысты кездесу үшін барлық ұсынысқа келісуге әзір екенін жеткізді. Десек те, промоутер Головкиннің 5 мамырда мексикалық Хайме Мунгияға қарсы өткізуі мүмкін кездесуі туралы нақты ештеңе айтпады. Есесіне, ол Геннадий Головкин мен WBA тұжырымы бойынша әлем чемпионы жапондық Риота Мурата арасындағы кездесу қызықты әрі тартысқа толы өтуі мүмкін екенін, екі тараптың бұл жекпе-жекті ұйымдастыруы әбден ықтимал екенін айтты.

Дереккөз: Egemen.kz.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жуырда Өскемен қаласында жасөспірімдер арасында жеңіл атлетикадан Қазақстан чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға еліміздің барлық аймағынан шашасына шаң жұқпаған желаяқтар сынға түсіп, кім мықтыны анықтады.

ДАРА ҚЫЗ

Байрақты бәсекеге Жетісу жері де таланттарын үкілеп қосты. Сол жүйріктердің арасында спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат-колледжінің спортшысы Ақбаян Нұрмәмет те бар. Ақбаян бұған дейінде көптеген бәсекеде топ жарған дара қыз. Жаттықтырушы Мұрат Жүзгенбаев, Еркен Сепбосынов, Әсет Арыстановтан тәлім алған Ақбаян Қазақстан чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы. Жасөспірімдер арасында Қазақстан құрама командасының мүшесі. Спорт шеберлігіне үміткер. Бұл жолы жасөспірімдер арасында сынға түсіп, 3000 метр қашықтықта күміс жүлдемен күптелді. Ал 2000 метрге кедергімен жүгіруде алдына жан салмай чемпион атанды. Ақбаянның бұл жолғы көрсеткіші өте жоғары. Өттең Қазақстан Республикасының рекордын жаңартуға бір секунд жетпей қалды. Сәтін салса ақпан айында Өскеменде өтетін жастар арасындағы ҚР чемпионатында өнер көрсетеді. Дүбірлі додада көздеген рекордты орнатады деген сенім мол. Ақбаян Нұрмәметтің арғы тегі Райымбек ауданы, Нарынқол өңірінен шыққан Шоған абыздың тұқымы. Ерденбек атадан Өртекес жерінде үш ұл өмірге келеді. Үлкені – Тоқтасын, онан кейін – Рауан, Тоқтақын. Бұл әулетті Мұңғұлкүре елі өте жақсы біледі. Ошақтың үш бұтындай жарасқан үш ұлдың бірі Рауан атасынан Нұрмәмет дүниеге келеді. Бүгінде Райымбек ауданының Қайнар ауылында қоныстанған. Қызының талантына көзі жеткен әке, болашағын бағамдап, спорт мектебіне берді. Болашағынан көп үміт күттіретін талантты қыз алда ел үмітін ақтайтынына сенім мол. Ақбаян облыстық олимпиадалық даярлау орталығына тіркелген. Осы жетістігінен таймаса, Олимпиаданың да ауылы алыс емес.

Әмір САНА

ДОДА

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫННАН КӨРІНДІ

Талғар қаласында қол күресінен балалар мен жасөспірімдер арасында өткен Алматы облыстық чемпионатында Тоғжан Сәтжанқызы жүлделі бірінші орынды иеленді.

Ерекше спорт түрін таңдаған Тоғжан Совет Алматы облысы чемпионатының бірнеше дүркін жүлдегері, Республикалық байқаулардың жеңімпазы, 2019 жылы өткен Азия кубогының үшінші орын иегері атанып үлгергді.

– Жарысқа барар алдында өзімді физикалық, психологиялық тұрғыдан дайындаймын. Соның арқасында бойға күш ұялап, сенім пайда болады. Нәтижесінде әр жарыста жеңіспен ораламын. Ең қиын әрі есте қалаларлық жарысым Азия кубогы болды. Себебі, бірнеше мемлекеттің мықтылары, спортшылары сол сайыста бақ сынасқан болатын. Бапкерлерімнің, отбасымның қолдауымен жеңіске жеттім деп ойлаймын, – дейді ол



Мадина АКМАТОВА,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 4 курс білімгері.

БӘРЕКЕЛДІ

ҚОРЖЫНЫМЫЗ ҚОМАҚТЫ

Талдықорғандағы спорт интернатының оқушылары ақпан айы бастала салысымен-ақ түрлі жарыстарға барып жүлдемен оралды.

Велоспорт. Шымкентте велоспорттың маутинбайк түрінен жастар және ерлер мен әйелдер арасында ел чемпионаты өтті. Жарыста 9 облыс және Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларынан 12 команда қатысып, 83 велошабандоз бақ сынасты. Бұл сында облысымыздың намысын қорғаған спортшылар үмітті ақтады. Атап айтсақ, әйелдер арасында Анжела Соловьева қос қола медальға қол жеткізсе, жастар арасында Виолетта Казакова алтынмен апталып, күміспен күптелді. Алексей Фефелов пен Мадина Жұртыбаева да қос-қостан қола медальды қанжығаласа, Никита Галкин күміспен күптелді.

Күрес. Талғар қаласында грек-рим күресінен жасөспірімдер арасында облыс чемпионаты өтті. Додаға әр өңірден іріктеліп келген 150-ге жуық жас спортшылар қатысты. Нәтижесінде спорт-интернат балуандары Нұрзат Дүйсемхан, Диас Қалтай, Әділет Қажыбеков, Расул Тұрсынов өз салмақтарында чемпион атанды. Ал Сұңғат Абитай, Мардан Жақсылық, Айбол Айтқали, Айбек Байсүгіров тұғырдың екінші сатысынан көрінсе, Амангелді Калибай, Дәулет Көбентаев, Нұрсұлтан Несипбай, Азамат Ерболов,Руслан Жапар, Ержан Леспек, Адлет Нұрболсын қола жүлдені қанағат тұтты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

...ДЕГЕН ЕКЕН

ЕЛ АУЗЫНАН

Бауыржан Момышұлына бір жазушы:

– Бауке, Москва маңындағы шайқастар туралы кітап жазып едім, үстінен қарап шықпас па екенсіз. Сонан соң екеуміз соавтор болсақ, – деп тілек білдіріпті.

– Дурак! – депті Баукең шарт шытынап. – Ішінде бір сөйлемім жоқ мен қалайша соавтор болмақпын. Онанда алғы сөз жазып бер демейсің бе?! – деген екен.

* * *

Әйгілі халық ақыны Жамбыл Жабаевқа бірде:

– Жәке, осы аузымен құс тістеген Қалмамбетті жеңдім дейсіз, қалай жеңдіңіз ?! – деп сұрапты біреу.

Сонда Жамбыл:

– Оны мен жеңгенім жоқ, атамыз Қарасай мен Сүйінбайдың аруағы ғой жеңдірген! – деп жауап беріпті. Осы әңгімені естіген Бауыржан Момышұлы тебірене таңданып:

– Қандай терең жауап! Егер маған біреулер: «Ұлы Отан соғысында жауды қалай жеңдіңіздер?» деп сұрақ қойса, Жәкеңе ұқсап: «Жауды біз жеңген жоқпыз, оны жеңдірген ата-бабамыздың аруағы ғой!» деп жауап берер едім! – деген екен.

* * *

Бірде, Бауыржан Момышұлы пойызбен жол жүріп келе жатып, Еңбек Ері жұлдызын омырауына таққан бір кісімен сапарлас болыпты. Пойыз қозғалып, ұзақ жолға бет алған кезде Баукең:

– Ал, енді таныспаймыз ба, бір үйге тіреу болғандай бой-сойыңыз бар екен, кім боласыз? – депті.

Баукеңнің сөзіне бейтаныс қазақ ыңырана жауап беріп:

– Кім екенімді көрмей отырсың ба, Герой боламын! – дейді.

Бұл жауап Баукеңе ұнамайды да, қатқылдау үнмен:

– Бұл Батыр атағын не үшін алдыңыз? – деп сұрайды.

– Жүз биеден жүз құлын алғаным үшін! – депті бейтаныс қазақ.

Сонда Баукең:

– Айғыр шапты, байтал тапты, оған сенің қандай қатысың бар. Герой атағын саған емес, жүз биеге жүз құлын таптырған айғырға беру керек еді. Текке мақтанып отырсың. Ал, мына мен Москва түбінде – Волоколамск тас жолында қалың жауды жайратсам да, омырауыма бір де медаль таққаным жоқ. Бірақ, халық қойған Батыр атағым бар! – деген екен.

Осы сөзді естігенде, бейтаныс қазақ қорбаңдап орнынан атып тұрып:

– Ах, Баукең екенсіз ғой, ағасы менен бір әбестік кетті, кешіріңіз! – деп, Баукеңнің қолын алған екен дейді.

Жинақтаған Ақселеу СЕЙДІМБЕК

БІР ӘН – БІР ТАРИХ

«Нурикамал» әнін естіген адам жүрек тебірентпей, жан толқытпай қоймасы анық. Нотаның ең нәзік тұсын ғана таңдап әкеп, бір әннің өн бойына құя салғандай әсер қалдырады. Мұндай ғажап туынды қай шақта, кімнің шалқар шабытымен туындады екен деген ойда қаласың. Бұл ән шабытпен ғана өмірге келген жоқ, оның арғы тарихында ғашықтықтың бір шарасыз күйі бар...

НУРИКАМАЛ, КАМАЛЫМ-АЙ!

Торғай өңірінің текті қызы Нурикамал Жаңадала, Жарқайың деген жерінде туған екен. Кеңес шаруашылығындағы қарапайым жұмысшыдан бастап, мемлекеттік қызметшінің барлық сатыларынан өтеді. Қазақ Кеңестік Үкіметі тұсында Алматы қаласына шақырылып, Оңтүстік Қазақстан облысына басшылық қызмет ұсынылады. Арқаның қызы барғысы келе қоймағанымен, бұйрық талқылауға жатпайды. Қазақы ортадан бір-ақ шығады. Алғашында «орыс мінезді» Нурикамалды кейбір азаматтар қабылдай алмағанымен, қазақы тіліміз бен ғұрпымыздан ажырамаған ол өзінің қаншалықты мықты маман екенін дәлелей алады. Бірде жергілікті азаматтар мамыр айында дәстүрге айналған Қозықұйрық мерекесін ұйымдастырып, табиғат аясына шығады. Хас сұлуға талайдың көзі түсіп, тамсана қарайды. Отырыста белгілі композитор Тұрдықылыш Ізтаев пен жары Ханбибі апамыз да бар екен. Нурикамалға қарама-қарсы жайғасқан болатын. Үйге келген соң әрі-сәрі күйге түскен композитор күйсандыққа бір келіп, бір кетеді. Ыңылдап әннің бабын келтіре алмай, таңға дейін отырады. Жолдасының жайын жақсы білетін Ханбибі апамыз оның әсемдікке, әдемілікке ғашық болғанын іші сезе қояды. Таңғы бестер шамасында әлі пианино алдында отырған сазгер ағамызға ақын апамыз келіп, бағанадан айта алмай отырған әннің өлеңін жазып әкеп береді. Осылайша, «Нұрикамал, Камалым-ай, Күндей ашық жанарың-ай, Қолым жетпей, сөзім де өтпей, Жаутаңдадым қабағыңа-ай, қарағым-ай» деген жолдар әнмен ғажап үйлесім тауып, «Нурикамал» әні өміре келеді. Ән туғанмен, әнге арқау болған Нурикамал оны қалай қабылдайды деген ой авторға маза бермейді.

Күндердің бір күнінде ақын Фариза Оңғарсынова Нурикамалға телефон шалады: «Шымкент шаһарына келіп қалдым. Бүгін жолығайық, мына мекенжайға кел» дейді. Уағдаласқан уақытта Нурикамал да гүлін алып жетеді. Сөйтсе Ханбибі Есқарақызы есікті ашып, қарсы алады. Бұл Тұрдықылыш Ізтаевтың үйі екен. Фариза апай: «Керемет әннің неге обалына қаласың? Саған арнап ән арнаған екен, сен оны тыңдатуға мұрса бермей келіпсің», - дейді. Нурикамалдың көзінше сол жерде ән шырқалады. Нурикамал апамыз «Бұл ән шыққан соң алыпқашпа әңгіме желдей есті. Олар осы әннен соң ажырасып кетіпті деген сөз шыға бастады. Қателеседі. Олай емес. Біз отбасымызбен дос ретінде араластық. Әлі күнге дейін замандас ретінде емен-жарқын жүздесіп қаламыз», - деген болатын бір сұхбатында. Расында әннің іңкәр қалпын сақтауының сыры осында екен ғой. Мұнда жұбайлар арасындағы қызғаныш та, іштарлық та болмады. Өнерге, музыкаға деген саф адалдық жатқанын байқаймыз. Ән композиторы Тұрдықылыш Ізтаев былтырғы жылы ақпан айында 71 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Бүгінде әнді Жұбаныш Жексенұлы орындап, әннің өлмес тарихын одан әрі жандандырып жүр.

Д.БЕРЕКЕТ.

(Суретте Нурикамал Сейітжанова)

ПСИХОЛОГИЯ

ТАҢҒЫ УАҚЫТТА БЕРЕКЕ БАР

Хэлл Элрод «Магия утра» кітабында күннің бірінші сағаттарынан-ақ максималды нәтиже алуға көмектесетін тәжірибелермен бөліседі. Таңды кітаптағы нұсқаулық бойынша қарсы алуды әдетке айналдыру қуат пен шабыт береді. Берілген техникалар адамның жас мөлшеріне, кәсібіне қарамастан барлығына жарамды. №1 бестеллерге айналып, әлемдік сұранысқа ие болған кітап жуықта қазақ тіліне аударылған болатын. Назарларыңызға кітаптан үзіндіні ұсынамыз.

Тыныштық

Күніңізді қарбаласпен емес, саналы және тыныштықтан бастаған дұрыс. Қазіргі адамдар үшін тыныштық стресстік қалалық ортада жетіспей жатады. Ғылыми дәлелденген тәсілдердің бірі – медитация. Ғалымдар бұл стресс деңгейін төмендетеді, концентрацияны жақсартады, тіпті мидың бөліктерін ұлғайтатындығын айтқан.

Хэлл Элрод алгоритмі:

•Ұйықтап қалмас үшін жайлы жерге жайғасыңыз.

•Тыныс алуыңызға мүмкіндігінше көп көңіл бөліңіз. Мұны орындау үшін сіз «квадрат ережесін» қолдана аласыз. 3 секунд тыныс алып, тынысыңызды 3 секунд ұстаңыз, 3 секунд дем шығарыңыз және сол уақытта тынысыңызды қайта ұстаңыз. Бұлциклдыжаттығубарысында қайталаңыз.

•Ішпен демалуға тырысыңыз. Бұл кезде сіз мұрынмен дем алып, аузыңызбен дем шығаруыңыз керек.

•Мақсатыңыз – ойыңызды барлық ойлардан тазарту.

•5 минуттан бастап, біртіндеп уақытын ұзарта беріңіз.

Аффирмациялар

Аффирмация көмегімен негативті ойларыңызды позитивке қалай айналдыруға болады?

•Мақсатыңызды анықтап алыңыз. Ол өмірдің барлық салаларын қамтуы керек: қаржы, қарым-қатынас немесе денсаулық. Өзіңіздің идеалды өміріңізді қалай көретініңізді сипаттаңыз. Миға белгілі бір бағытты беру қажет.

•«Неліктен?» деген сұраққа жауап беріңіз. Бірнеше маңызды мақсаттарды нақтылауға және оларды мағыналы етуге көмектеседі.

•Мақсаттарға жету үшін қандай адам болу керектігін сипаттаңыз. Біліміңізді дамытып, өзіңізге инвестиция жасаңыз. Жеке басыңызды өзгерту арқылы ғана өміріңізді өзгерте аласыз. Оны шешудің алғашқы қадамы – өзіңізден не қалайтыныңызды түсіну.

•Мақсатқа жетелейтін әрекеттерді анықтаңыз. Оларға сіз жасағыңыз келетін қадамдардың нақты саны мен жиілігін қосыңыз.

Көрнекілік

ХэллЭлродбұлтәжірибені аффирамцияны оқығаннан кейін бірден орындауға кеңес береді және оны үш сатыда жасау керек:

•Дайындалыңыз – көзіңізді жұмып, терең дем алыңыз.

•Сіз қандай мақсатқа қол жеткізгіңіз келетінін елестетіп көріңіз. Миыңызға өзіңіздің ұмтылатын өміріңіздің ең жарқын және терең бейнелерін елестетіңіз.

•Қандай адам болғыңыз келетінін ойланыңыз. Жұмысқа қандай ынтамен баратыныңызды және таңертеңгі жүгіруге қандай рахатпен шығатындығыңызды ойластырыңыз.



Жаттығу

Сізге өзіңізді тәрбиелеу басында қиын болуы мүмкін. Таңғы жаттығулар – өзін-өзі дамытудың өте тиімді және бағаланбаған тәсілі. Бұл әл-ауқатты жақсартып, миды оттегімен қанықтырып қана қоймайды. Ең бастысы, бұл нақты іс-әрекетке ең жақын импульс береді.

Оқу

Сіз қандай мақсатқа қол жеткізгіңіз келсе де оқуға тура келеді. Біз білімді оқу арқылы санамызға енгізе аламыз.

Күніне кемінде 10 беттен бастаңыз. Нәтижесінде жылына 200 беттік 20 кітап оқыпшығасыз. Тиімді оқу үшін:

• Процесті өз мақсаттарыңызбен басқарыңыз. Өзіңізге не үшін оқитыныңызды және кітаптан не алғыңыз келетінін сұрауды ұмытпаңыз.

• Парақтарды бүктеп, астын сызып, шетіне жазбалар жазып, кітаптан барынша көп пайда алуға тырыс.

• Ең жақсы шығармаларды қайта оқып шығыңыз. Жас ұлғайған сайын біздің ойлау қабілетіміз өзгереді: ескі ақпаратты жаңаша қабылдаймыз. Мұның бәрі қайта оқып шығу қажеттілігі туралы айтады. Бұл материалға тереңірек кіріп, одан құнды білім алуға мүмкіндік береді.

Күнделік жүргізу

Күнделік оқиғаларды, әсерлерді, идеяларды, жоспарларды құжаттауға көмектеседі. Бұл кез келген уақытта, кез-келген жерде қол жетімді психотерапияның ақысыз түрі. Күнделікті қайта оқу ескі идеялар мен өмірлік сабақтарға жаңаша көзқараспен қарауға, сондай-ақ өзіңіздің даму жолыңызды бақылауға мүмкіндік береді.

Әзірлеген Д.ӘМІР.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ – тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ – тілші

Кезекші редактор: К. ПФАЙФЕР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 187
Индекс 15534